

644387
3-96

Есләм
Зікібаев

Дүйнен сағым



Әсләм
Зікібаев

Алтын
сағым

ӘЛЕНДЕР МЕН ПОЭМА



III

АЛМАТЫ «ЖАЗУШЫ» 1985

84 Каз 2—5
3—96

Пікір жазғандар:
Ж. Жақыпбаев, И. Сапарбаев

028313

Зікібаев Есләм.
3—96 Алтын сағым: Өлеңдер мен поэма.— Ал-
маты: Қазушы, 1985.—120 бет.

Ақын Есләм Зікібаевтың «Алтын сағым» кітабына әр жыл-
дарда, алуан тақырыпқа жазылған жырлары еніп отыр. «Мә-
риям» атты лирикалық поэмасы бақытын еңбекпен тапқан за-
мандас хақында сыр шертеді.


93 — 4702230200—112
— 402(05)—85 71—85

(i) 18

84 Каз 2—5

© «Жазушы», 1985

БІРІНШІ БӨЛІМ



ТУҒАН ДАЛАМ — БАЙТАГЫМ

Тұған даламның терістігі мен түстігі-ай,
Дамылсыз үшіп жете бермейтін құс та ұдай.
Бір қырында адұын аяз, ақ боран,
Бір қырының ми қайнатардай ыстығы-ай!

Не деген байтақ, кеңістік —

Өзен ғып,

Тау ғып,

Орман ғып,

Көл ғып,

Еңіс қып...

Бір көрген адам таңданып өтсін дегендей
Жаратқан сынды сені өстіп!

Бабалар қалай шетсіз де, шексіз қырын
тұрды еken үстал?

Үқсаң гой қандай қынын!

Тауларды берген,

Орманды берген сеілді,

Жібермес үшін басқа жақтарға құйынын.

Қалай десе де отырам кейде қайран қап,
Көктемде ғажап қанатын кенге жайған бақ.
Даланың өзін гүлзарға бөлеп қойғандай
Үл менен қызым өссін деп еркін сайрандап.

Далам да шексіз,
Дәл сондай шексіз қиял да,
Қыраны құсап отырам биік қиянда.
Осынау байтақ мекенім — байлық бақытим
Асылын қойып,
Тасын да жатқа қиям ба?

Осы жер үшін қинаппын жанды, терлеппін —
Осы жер үшін арманға бойлап ер жеттім.
Осы жер үшін өзімді өзім тербеллін,
Бір тасын қалай бөтөнгө қолдан бермекпін?
Жерүйығы осы мен білетүғиң жер-көктің.
Сол үшін дағы көңілім ояу әр мезет,
Сол үшін дағы құс үйқылымын,
Сергекпін!

АНА ПЕЙІЛІ

Қайран ана қарап отыр мен жаққа,
Жалғыз ояу,
Тәтті үйқыға ел жатты.
Қалай ғана жаны шыдап жүр екен:
— Ас батпайды,— дейтін еді,— сен жоқта.

Рас солай, ішкен асы батпайды,
Ел жатады,
Ол күйбенде жатпайды.
Бір ғажабы, Алматыға келгенде
Бізге жаққан ауа оған жақпайды.

Қайтсін енді,
Таусылады-ау амалы,
Биік үйде демін зорға алады,
Біз тірлікпен кетеміз де·бытырап,
Құн бойына үйде жалғыз қалады.

**Сағындырып, қайта кейін тартады,
Сүйіп есken Сарыарқаның самалы.**

**Соныменен анам елде,
Біз мұнда,
Жөні болек татар дәм мен тұздың да,
«Құлынмының естілер ме даусы» деп,
Журген шығар радиосын жүз тыңдал.**

**О, табиғат!
Қандай ғажап шеберсін,
Жылдарменен даналық та келер шын.
Өзі — ауылда,
Көз! — жолда,
Көнілі...
Алматыда,
Анашыма не дерсін?!**

О, МЕНИҢ ҚАСИЕТТИМ

**Алып жерде туғанмын,
Алып елде —
Сандуғашы сайраган сары белде.
Сондықтан да бұл ұлың саған тартқан,
Алып мекен,
Жанымен, арымен де!**

**Сен жыласан,
Тамшыдай көз жасыңмын,
Тамшы болып тамдым да,
Бозға сіндім.
Сенің алып тағдырың түрған кезде
Күйттедім күй-мұңын өз басымның.**

**Сен куансаң,
Нұрыңмын шашылатын,**

Ақ гүл болып көктемгі ашылатын.

Сенің құйің —

Қашан да менің құйім,

Бір сырым жоқ өзіңен жасыратын,

Шықсан емес,

Шықпас та тасыр атым!

Мен — өзіңмін қуаныш, қайғымменен...

Бірге жүрген Жұлдызбен, Ай, Құнменен.

Қантарда да бір тоңам, ақпанда да,

Бірге шығам Жеріңе Май — ғұлменен.

Елегізіп көзілім ән-күйіңе,

Бойым балқыр,

Манаурап әлдиңе.

Шуақ беріп өлшеусіз қойғандайсың,

Әр сағатым, әр сәтім, әр күніме!

Сенсіз менің жоқ қайғым, қуанышым...

Бәрі де туған жерден туары шың.

Мен саған өміріммен қарыздармын

Кеудеме өзің құйған шуақ үшін.

О, менің қасиеттім,

Алып елім,

Асқар тау,

Шалқар көлім,

Сары белім!

Мен оларды ойласам кірпік ілмей,

Жебеушім ғой олардың бәрі менің!

СЕН — МЕНИҢ ҚОРҒАУШЫМСЫҢ

Туған даала!

Анам да, панам да — өзің,

Сүқтанып маған біреу қадар көзін.

Сен барда асқар таудай тірекім бар,

**Сен барда жолбарыстай жүргөм бар,
Оқтап да алып қалар жаңымды аман,
Сен менің қорғаушымсың жаңымда әман.
Сол үшін арындаған,
Сол үшін жалындаған...
Мен — сенің қорқу білмес шабандозың!**

**Жүрсем де қай биікте,
Қай асуда...
Құс мамық алақаның жаясың да
Тербейсің көңілімді —
Жел тигізбей,
Мәпелеп бәйтерегін саясында.**

**Сен барда —
Алаңы жоқ, күн кешемін,
Сен барда —
Балқұрақтай күнде өсемін.
Өзіңсіз тіршіліктің дәмін сезбей,
Тәттісін тіл үйірген білмес едім.**

**Зауласам пырағың бол төскейінде,
Жетердей төбем көкке,
Өспеймін бе?
Сен мені қанат байлап үшырасың,
Қалдырып парықсызды көшкейінде.**

**Алмастай отқа салса шыңдалатын,
Дүлдүлдей жер түбіне тың баратын,
Анасын арда емген құлышыңмын,
Ағындар Арманкермен бір ұлыңмын,
Дауылға қарсы қаққаң жыр қанатын.**

**Білмеймін сүйіндің бе,
Күйіндің бе,
Жігітке жарасады құйын күн де!**

**Келемін өзіңменен бірге айналып,
Кашан да өзіңменен күйім бірге!**

Үқпаган қадірінді кімдер сенің,
Артады азamatқа күндер сенім.
Мен сенің қаныңменен, жаныңменен
Айналған бойындағы бір бөлшегің!

**Басыңнан ауып нелер кетті заман,
Бар рас қазірде де текті, жаман...
Жүргегің жамандықтан жара болған,
Болсам деп адамдықта пана, қорған —
Мен бәрін сөзбен қалай жеткізе алам?**

Тарихтың әр қадамын байқаған кім —
Тау болып,
Текіз болып шайқалармын.
Ұлылық еш өлшеммен өлшенбейді,
Ендеше қайтып бәрін айта алармын,
Бәлкім, бұрын бар сөзді қайталармын.

**Ой маржаның талайлар төкті зерлең,
Шығара алмай өз өзін секті жерлең.
Талпынамың мен сөнің нар тұлғаңды
Өлеңменен өрнектеп жеткізем деп.**

Сырлар көп құпиясын жаң аспаған,
Шыңдар көп тірі пенде әлі аспаған.
Мен де оған таласпаймын,
Таласпағам,
Өйткені өнер деген құдыретке.
Әктемдік,
Өр көкірек жараспаған!

БЭРІН, БЭРІН... САҒЫНАМ

**Жылда келем жыл құсындаі оралған,
Көкіргімде толған үміт, толы арман.
Шетінеген ну ормандай шетінен
Қашама арыс жоғалған.**

**Былтыр көргем,
Талайлары биыл жоқ,
Көңіл шіркін алай-дүлей құйын бол,
«Қарағым!» деп қарсы алатын көп үйге
Бас сұғу да бара жатыр қынын бол.**

**Бір қария әкем жайлы сыр айтып,
Бір қария шешем жайлы сыр айтып,
Енді бірі өзіме ептең сын айтып,
Барымды да,
Жоғымды да шын айтып..
Ұзақ жолдан шаршап келген кезімде
Жіберетін дүр сілкінтіп,
Тыңайтып!**

**Сыр айтқаны —
Қарап көрсін дегені;
Сын айтқаны —
Сабақ болсын дегені.
Соның, бәрі —
Алдын, артын абайлап,
Барын, жоғын...
Санап көрсін дегені!**

**Құлан емен жеритіндей қағынан,
Тұған ауыл — Тұым менін,
Табынам!
Бабаларым күткен жерден табылам,
Аналарым күткен жерден табылам,**

Тұған елге,
Тұған жерге өкпем жок,
Перзентімін узыныңа жарыран,
Ақтарылсам, ақтарылар ағынан,
Артық-кемін айтпай-ак,
Тағдырымды таразыға тартпай-ак,
Бел-белесін,
Бетегесін, жусаңын,
Адамдарын — тіршіліктің гүл-сәнін...
Бәрің, бәрін сағынам!

БОЗ ДАЛАМ-АУ

Мынау, мынау баяғы боз дала ма,
Бойжеткен мен кешегі бозбалага
Кекшалғының кекала кілем етіп,
Асқарларға арманын созған ана.

Мынау, мынау баяғы боз дала ма,
Алтын сағым дірілдеп қозғала ма?
Кекжиекпен астасқан шэй шымылдық —
Сұлулыққа қарағаң көз қана ма?

Үн қата ма төнірек,
Тында кәні —
Терек, қайың самалмен ыргалады.
Сыбыр-сыбыр сыйырлап сыр айтады
Сыр айтады жапырақ-сырғалары.

Сыр айтады жапырақ-сырғалары,
Өзен, көл,
Сай-сала, жылғалары...
Үнсіз ғана тындайды тебіреніп,
Біз кеткенбіз,
Енді оған кім барады?
Кекіректе бір түрлі мұн қалады.

Мұң қалады —
Өткенің түседі еске,
Тірлік дейтің шырын бал тұс емес пе?
Артымызға айналып қарамаймыз,
Еріп кетіп алдамшы құс-елеске.

Боз дала бәрін көрген,
Бәрін көрген...
Бозбала жігіттікің сәнін көрген.
Өзі де мұңаярдай бізбен бірге,
Абайсыз кеткенге асып сағым-белден.

Жасырын сырымыз жоқ боз даладан,
Арманын әнмен тербеп созған әман.
Жүректі жүрекпенен жалғастырып,
Женгедей жолын алар бозбаладан.

Беу, менің қасиетті боз далам-ау,
Бозбала шақ басымнан озған апау.
Соны ойласам,
Бүгінде көп ойласам,
Көңілім қозғалады-ау,
Қозғалады-ау!

ОКТЯБРЬ

Армысын, Октябрім,
Арай бағым!
Құніңнен шапақ алған бар аймағым.
Көз түгіл көңіл жетпес кеңістікке
Өзіңнен Бақыт болып тараиды ағын.

Жаһанның төрт бұрышын таң қалдырып,
Алау боп жүректерде жанғанда үміт.
Өзіңмен бірге келген азат ғұмыр,
Өзіңмен бірге келген арман құліп.

Октябрь!
Кеше кім ем?
Бүгін кіммін?
Нұрынмен,
Куатынмен жылындырдың.
«Қараңғы қазак» деген көкезудің
Талайын білігіммен сүріндірдім!

Мен бүгін ғарышкермін, ғұламамын,
Телміріп тас-тадырдан сұрамадым.
Ордам бар өміріме өріс берген —
Тел өскен бауырмын Ұлы Ағаның!

Қашан да қуанышқа жалғасып ән,
шалқиды —

Алабұртып алға асығам.
Телегей теңіздерге ұластырам,
Бұрып ап бұлақтарды аринасынан.

Алдында ғажап істер тосып кеноң,
Ертең ерлеріндегі өсіп келем.
Топ жарып Толағайдай керек жерде,
Бір тауды бір тауменен қосып келем.

Күшімен өзің берген ұлағаттың.
Күнде аштым тылсым сырны гүл-алаптың.
Менің де жүрегімде қаны ойнайды
Өзің құрган біртұтас Ұлы Одақтың!

Ағам бар!
Жетіп жатыр іні-бауыр,
Жерімнің түрен салған тыңына бір.
Қосылып көтергеннен қай кездे де
Женілден сала берер жүгім ауыр.

Ден қойып байтағыма қара мына —
Бақыт пен байлық тұнған алабыма.

Мәпелеп биіктерге көтереді,
Ешкім де дақ салмайды жаң, арыма!

Солармен төрт құбылам берік бүгін,
Ерке естім сайран бақтың теріп гүлін.
Окуға,
Еңбек етіп,
Тұнығуға,
Сайлауға, сайлануға да еріктімін.

Көксеген ата-бабам ақ арманың
Қасиетті топырағынан жарапланмын.
Алқызыл Туларың боп желбіреймін
Тесінде барлық ұлы Аландардың!

Ғаламат ерлігім де, елдігім де,
Шектеусіз кендігім де, тенденсім де...
Сенікі, Ұлы Октябрь!
Өзің болып
Жалынды жыр оқымын мен бүгінде.

Октябрь!
Нұр шүғылам, арай таңым,
Қосамын шаттығыңа талай тағы үн.
Әлемге Таң жұлдыздай бағыт беріп
Жасай бер,
Жарқырай бер — бар айтарым!

ОН БЕС ҰЛЫ ОДАҚТЫҢ

Бір Ата,
Бір Аナンың ұлдарындай,
Сән беріп салтанатпен қырға мұндай,
Жайнаған жәннат жердің гүл бағындей,
Басқадай құдыретті білмейді әлем —
Он бес ұлы Одақтың Туларындай,

**Мызығымас Одақ деген ірі тұлға,
Біртұтас жүректерді жылытуда.
Баршаға Құннен алып нұр құяды,
Бәрінің қасиеті Ұлы Туда!**

**Мәңгілік бәйтеректің бұтағындаі,
Құн нұрын,
Жер жылуын тұтады ыңғай.
Он бес ұл жұбын жазбай бір тұрғаннан
Шарықтап шалқыды Елім құты арылмай.**

**Алаулап Гербімізде Құн тұрғанда,
Ұлы арман жетелейді жұртымды алға.
Бір күнім бір қунімнен шұғылалы,
Сондықтан кейістік жоқ тұр-тұлғамда.
Ұақыты,
Бақыты ортақ он бес бауыр
Ұқсаймыз еңші алмаған бір туғанға!**

ҚАРИЯНЫҢ ТОЛҒАНЫСЫ

Көңілім астан-кестен —

**Ұқ, бауырым,
Бұлттай бол бастан көшкен құт дәуірім.
Қүйінді құлазыған құла түздей
Басқа тұрмак, өзімнің үқпады ұлым.**

**Ұқпады ұлым жаралған өзегімнен,
Өлмеген соң оған да тезе білгем.
Жай оғын да жанына тартып алған
Кеткендей қадір — баға сөз-әрімнен.**

**Өте шыққан оқтайды бол сайран жасым,
Кеп жасауға құмартқан қайран басым,
Жағалауға жете алмай жаутаңдайды
Шығып қалған кемедей қайранға шын.**

Бойдан қуат,
Нұр тайып шырағынан.
Құлап жатса тірліктің пырағынан,
Қартыңың да қадірі кетеді екен
Айрылған соң аққудай сынарынан.

Содан, баурым, көнілім астан-кестен,
Қызық дәурен дөңгелеп жастан кешкен
Көз алдынан өтеді шапқан аттай,
Атқан оқтайдай —
Бақыттай бастан кешкен.

ОТЫЗ БЕС ЖАС...

Осал өмір емес-ау отыз бес жас...

Мұқағали.

Отыз бес жас —
Соншалық, көп өмір ме,
Жаңа ғана көктеген көк өрімге?
Жалт еткен сектілді нажағайдың
Отыз бесте үлгеріп көремін не?!

Отыз бес жас —
Отыз бес жыл түлеген,
Бұла шағың енді-енді дүркіреген,
Жүректерге үялар жыр тілеген,
Оның да тең жарымын шығарып қой
Өтетік ойын-сауық, құлкіменен,
Кететік бас көтермес үйқыменен.

Отыз бес жас —
Күй ақсап, эн сағынған,
Жаңа-жана еткен кез бал шығынан,
Қанша қырлар алдында қылалдаған,

Асқаның да белгісіз қаша қырдан,
Аса алмаған албырттық аясынан.

Отыз бес жас —
Тірліктің тамшы-ырымын
Татқан шағың,
Сезе алмай бал шырынын.
Отыз бесті өмір деу — астамшылдық,
Көргендей-ақ көктемнің жаршы гүлін,

Жеткен жерге, әрине, құс та қонар,
Қанаты көтергенше үшқан олар.
Ақын жасы жылымен өлшенбейді,
Ақымақ боп жиырманда елсең мейлі,
Ондайларға жұз жас та қысқа болар,
Тіршілікке және де үста олар.

Тауда тудың,
Талпынып күнгейде естің,
Көрсем-ау деп дүниені күндей көштің.
Жұзден асқан бар шығар әр ауылда,
Жұзін көргеннен басқа білмейді ешкім.

Бал шағын да,
Тірліктің бар шағын да
Көрген олар —
Болады тамсануға.
Өткеннен соң,
Дүниеден кешкеннен соң
Жетер екен дақпырты қанша жылға?!
Өшіп қалар із бе әлде сарша құмда?

**Отыз бес жас —
Салатын сайраңды бір,
Естісем деп Жұлдыздан,
Айдан дүбір...**

Дер шағыңғой,

028313

Үзіліп кетсең егер,
Өкініші бітпейтін қайран ғұмыр!

* * *

Келіп ек асып Арқарлы әсем тауды біз,
Ортамызда Ләтипа апа — бауырыңыз.
Жасарып қалдық,
Жасанып қалдық аз күнде
Аялап жатыр алақанға сап ауылышыз.

Ел іші дәйім жазира жайлau, алтын бақ,
Сәулетің қандай көрінгей қөзге жарқылдап.
Сәби бол тудық құнарлы жерде қайтадан,
Еркелеп жүрдік,
Шалқыдық ғажап ән тыңдал.

Жандары қандай жайсаң да, Жарқын-жайдары,
Жарқылдап күліп,
Жарасып құшақ жайғаны
Жігіттер, қыздар ұмытып бір сәт өздерін,
Таңда бүлбүлмен бүлбүл бол бірге сайрады,
Осында екен ән менен жырдың қайнары!

Келгелі мұнда ұмыттым мен де өзімді,
Кей таңда тіпті бір сағат қана көз ілдім.
Түс көріп жатып ойладым: «Осы сыйға орай
Айта алам ба, деп айтатын барлық сөзімді».

Айтақын аға, бізден де бір сөз күткен ел,
Бабалар айтқан:
— Жаман қонақпен жұт келер,
Ақ үлпа қармен ақ нүр бол жаудық ауылыша,
Ал мына бізбен ілесіп биыл құт келер.
Бата деп мейлі,
Қабылданыздар тілек деп,

Жақсы жандармен жақсылық қана жүред тे.
Алда да күн бар —
Борыштар болып барамыз,
Көңілде сыр көп,
Айтсақ-ау деген ниет көп.

Тірліктің талай қысы бар алда, жазы бар...
Кен шыққан жер ғой қашан да белден қазылар.
Бастауы болсын ашылар мелдір бұлақтың,
Аман боп жүрсек, талай жыр алда жазылар.

Қырға да шықтым,
Достармен астым тауын да,
Сыр түйіп талай, жеткізсем дедім қауымға.
Үл-қызы қандай,
Сайланған сайдың тасындай —
Ән алып қайттым,
Жаңарып қайттым ауылға.

Байқаймын өзім —
Келгендеріден күй басқа,
Біз көрген мұнда хошамет басқа, сый басқа...
Кеудедегі ой қағазға түгел сыймас та,
Әнді аялаған,
Жанды аялаған, бауырлар,
Бұл сапар мені баласаңыздар сыйласқа,
Келесі жолы айналсан деймін қимасқа!

ШОҚАН АУЫЛЫНДА ТУҒАН ОЙ

Біздер келдік —
Нұр жауды ақ қар болып,
Мұны бүгін айтамыз мақтан керіп.
Мына дала — ақ ниет көрінісі
Таң нұрындей тамылжып жатқан көрік.

Шоқан бабам өзі түр қарсы алғандай,
Дүнис тынып,
Көңілім ән салғандай.
Ел мерейі еңсемді биіктетіп
Кешіріндер,
Мейірімге қалсам қанбай.

Қекірегіне жалын боп толған демі,
Артта қалып Қекшенің орман көлі...
Арманына ақ нұрды аялатып
Осы ең-ау тұғыр қып қонған жер!

Тас тұғырда ғажайып биік мұсін,
Ұлылыққа әз басын іліпті шың.
Қоянкөздің самалы аймалайды
Еркелетіп тұргандай сүйіктісін.

Қабылдар ел әр сезін мыңға балап,
Тына қалып тау, жота, тыңдар алап.
Шыңы болған,
Халқының шыны болған —
Тұрганы да ғажап-ау шыңға қарап!

Бабам көрген бұл жерді балам көрсін,
Қалам көрсін,
Жазира далам көрсін.
Ақырын қазақтың еркелеткен
Бауырларым,
Ел-жұртың аман болсын!

* * *

«Сәлем бермей кеттің» деп кіналама,
Үға білсең, кінам жоқ бұл арада.
Сәлем деген әркімге үlestірер
Сұрауы жоқ сұлдыр су сыйбаға ма?

Сәлем деген — бөлшегі көнілімнің,
Сәлем деген — өлшемі өмірімнің.
Әркімдерге есепсіз үlestіру —
Дарақылық,
Соны ұғып, соны білдім.

Қалтарыссыз көнілімнің сыры бұл да,
Соны білдім азды-көп гүмырымда.
Сәлемдесу дәстүрім өзгермейді,
Тұрсам болды тірліктің тұғырында.

Өткен күн мен келер күн күрес құрып,
Содан дағы көп дәстүр жүр ескіріп.
Сәлем деген — көрсетер сый-сияпат,
Кез келгенге бере алман үlestіріп.

* * *

Алматыда күн жылы,
Жер қара әлі —
Көк масаты көмкерген ен даланы.
Шәйі орамал секілді желпитүгін
Болар-болмас самалы жел бар әрі.

Алматыда жаз әлі —
Жаймашуақ,
Рұхсатсыз тау жаққа барма, шырақ.
Қарт бағбаның көзіне түсе көрме,
Түсе көрме,
Болған жоқ алмасын ап.

Арқадағой күз келді,
Күн сұнды,
Естілмейді судырап гүл сибыры.
Корғасын бұлт езеді ер еңсені,
Қар жауады-ау ертең, не бүрсігүні.

Үйтқиды жел,
Боратып қар жауады,
Тегістеліп даланың бар жамауы
Ақ келіндей ақ шәлі бүркенеді,
Аппак үлпа көмеді жар-жағаны.

Ықпал қыстың адудын атағына —
Боранына, дауылы, шатағына...
Алып дала кетеді тәтті үйқыға
Кіріп алған аюдай ағанына.

* * *

Ойымның кестелерін,
Шоқ-шоқ гүлін,
Тізілген дестелерін
Ақ қағазға түсірдім айшығымен,
Айшығымен...
Кейде бір ой бір оймен қайшы білем,
Өмірде ғой болады ондай жәйлар,
Айтып отыр демендер қай сұрымен.

Ой-кестемнің үнай ма дестелері
Біреу ерте,
Біреулер кеш көреді.
Ашық айттый,—
Өзіме үнайтыны,
Жасырмадым жалтақтап ештеңсі,
Жалған айтсам,
Өмірдә кешпе мені.

Ақты — «ақ» дедім,
Қараны «қара» дедім,
Жыр-дестеме, сенбесен, қара менің
Жалған сөйлеп, жаныңды жарагасам,
Қай данышпан дертімнің табар емін,
Кетірер ме көңілдің қара мекін.

Тұрасын айт тік қарап өлерде де,
Лаулап түрған жалыны сөнер деме.
Шындық керек, бауырим, өмірге де,
Өмірмен егіз туған өнерге де.
Сендермен өнерді —
 Өнер деме!

ШЫНДЫҚ-ШЫНАР

Шындық атты шынар бар,
 Үқтырам деп,
Сол шынарша шайқалмай тік тұрам деп
Талайлармен жан кешіп жағаластым
Ойламадым шындықтан мықты бар деп.

Шындық — менің ожданым,
 Ар — намысым,
Шындық болып сайдайды таңда құсым.
Құс мамықта дөңбекшіп жата алмадым
Шындық кейде шырылдаң қалғаны үшін.

Талай таңым үйқысыз етті менің,
Шындық үшін сан мәрте соққы жедім.
Шындық үшін жанымды алсаң ал да,
Таза қалтыр арымды деп тіледім.

Алда қаша күнім бар,
 Біле алмадым,
Тірлігінде түгескен кім арманын.
Көшер жылдар,
 Солмаса болды тегі
Көңілімде шындық атты шынар бағым.

ШАБЫТ ТҮНІ

Қайтарып қапырықты, күн ыстырын
Жұрт жата басталады жұмыс күнім.
Мен де бір,
Шекарада сақшы да бір
Күзеткен Ел — Аナンың тыныштығын.

Тым-тырыс шынар қала,
Мұнар дала...
Сан ойлар сапырылысып, бұлақ қаға,
Кезеді меніменен тылсым түнді
Беймәзгіл тоғыса алмай бір арнада.

Ой да бір,
Құйын да бір дала кеңген,
Зіл батпан қайсы бірде сананы езген.
Қараймын жұмбағы мол жұлдыздарға —
Қанымда қалған әдет бала кезден.

Ойдың да ауыры бар,
Жеңілі бар —
Ойнайды қақпақылғып мені бұлар.
Ешкім жоқ қуанышың болісетін,
Ел қайда көңіліңнің шерін үфар?

Болмаса да ғаламат дүр атағым,
Осылай атады ылғи бұла таңым.

АРМАН

Арман, арман —
Бұлақ құйрық түлкідей,
Қанша бейбақ міне-міне жетем деп
Сені қуды тепендер.

Бірақ бірі де өкінген жоқ
«Тер төккенім бекер» деп.

Кетпейсің де біржолата қара үзіп,
Куамыз кеп,
Куамыз кеп жан қызып:
Ынтықтырып қоятының ғажап-ак
Үміт-шырақ білтесіне шамалап
Әлсін-әлсін аздаған май тамызып.

Таңда сәүле — мұнардан,
Тауда сәлде — шынардан
Іздеудей-ак іздейміз,
Үміт жібін шиratамыз, үзбейміз,
Соған жетсек шығатындаі құмардан,
Бәрі бір де жеткізбейді бұла арман.

Көктем кетті,
Жаз да өтті,
Құз ықты...
Қыс қырауы сан әйнекті сызыпты.
Арман қуған адамдардың ізіндей.
Ал арман ба —
Таптырмаса қызық-ты.

* * *

Бірге кешіп сайранды сауықпенен,
Тірлігімде көп жолдас тауып келем.
«Жолдас» — дейсің болған соң жолың бірге,
Бәрін дос деп айтуга хауіптенем.

Ел секілді менің де жолдасым көп,
Ойламаймын біріне болмасын деп,
Есеппенен жақын бол жүргемін жоқ,
Ол да мені кезінде қолдасын деп,

Көңіл шіркін, білмеймін, өскелен бе,
Мен де көптің бірі боп көшке ерем бе?
Әр адамның өлшемі өз алдына,
Өзгешелеу қараймын дос дегенге.

* * *

Талай кердім сүрініп, жығылып та,
Талай мәрте тірелдім тығырыққа.
Тез тұруға талпындым жығылғанда,
Жата беріп бір жерде жын үрып па?!

Біреу тұрды:
«Жығылса, тұрмаса!» — деп,
«Серпіліп, сейіл-серуен құрмаса!» — деп.
Біреу қайта қуанды тұрганым:
— Ей, азамат, жарадың!
Мың жаса! — деп.

* * *

Кеше келдім жол соғып,
Күн қаттым да,
Хош исіне тамсандым гүл бақтың да.
Жырымменен аялап жүректерді,
Жылағаның көз жасын құрғаттым ба?

Ай нұрымен құйылып ашық таңда,
Жас жүрегін өзіндей жас үққанда,
Сезім болып жеттім бе жүректерге,
Тамсанатын тіл болып ғашықтарға?

Толқығанда қобалжып бала жүрек,
Бола алдым ба жолына лала жібек.
Жеткіздім бе ұлының сарынышын
Отырғанда кез ілмей ана жүдеп.

Самал болып естім бе,
Сал самал бол,
Тыныстаттым кімдерді —
Шаршаған кеп?
Алрысымен сипады маңдайымнан,
Көңіл нұрын жаудырды қанша адам кеп.

Тарап жатыр кекілін жел теректія,
Өлең болып өмірге ерте кеппін.
Өзім сүйген сұлуды мен де солай
Самал болып келеді еркелеткім.

ЖАСПЫН ДЕП ПЕ ЕҢ...

Жаспын деп пе ең,
Не керек әулекілік?
Тыныш кездे келмейді жау бекініп.
Бос бөшкедей ұрасың бос кеуденді,
Әулекі ғып кеткен бе әуре тірлік?

Айдарыңнаң аймалап жел ескенге,
Тоқтатпас деп ойлап па ең сені еш пенде.
Жерге қағып жіберер жігер барын
Үмыттың ба тура кеп егескенде.

Жаспын деп пе ең,
Қарап қой айналана —
Жетіп тоқтар екенсің қайда ғана.
Сен туғанда ұрандалап,
Ул тудым деп,
Бозқасқаны шалдырған қайран Ана!

Алдыңа бір қарап қой,
Артыңа бір...
Аяз бидей баяғы қалпыңа кір.

Тізгінінді ақылға тежет-тагы,
Асып кетпей тұрғанда тартына біл.

Әуей болма,
Не керек әүлекілік,
Азамат бол сыйлайтын әulet үғып.
Тастап кетіп жүрмесін асау кердей
Бұрылышта бұлт етіп әуре тірлік.

ОИ

Қараша айы,
Бозаң дала — боз кілем,
Ауыздықпен арпалысқан боз күрен.
Ой үштығын таусыса алмай көп түрдым,
Кек жиекке тіреп қойып көзді мен.

Құйттақандай тірлігімде — қас қағым,
Бір ой бітпей.

Тағы бір ой бастадым,
Шет-шегіне жете алмадым,
Тастадым,
Қайдан ғана шығатының шұбалып...
Ой бітпейді,
Бітер бәрі басқаның.

Күндіз де ой,
Тұнде де ой,
Ой да, ой!..
Қайғыда да күңіренткен,
Тойда да ой.
«Алған жердің таусылады қары да...»
Ал, ой деген —
Таусылмайтын қоймағой.

Ойлайды Адам,
Элде нені күтеді,
Таусылмайтын бұл не деген құт еді?
О, Тәңірім, сол байлықтан айырма,
Ой біткенде пакырын да бітеді.

Сол байламды тиянақ қып жаныма,
Айтып қоям, ұл-қызыма, жарыма.
Ой бітпесін,
Ой бітсе, мен бітемін,
Бітпегенмен алған жердің қары да,
Кар қайтадан жауады гой, нальма!

ҚӨКТЕМ КЕЛІПТІ

Қектем келіпті,
Оралып жатыр құстарым,
Құстарым менің —
Сағына күткен құштарым.
Аңсадым әнін,
Аңсадым сәнін,
Шаршадым...
Мен неге күзде қосылып бірге үшпадым?

Көлдерден етті-ау,
Шөлдерден етті-ау қаншама,
Самғады-ау биік тіршілік үшін жақ сала.
Таулардан етті-ау,
Жаулардан етті-ау қалтырап,
Куаты кеміп,
Қанаттары әлсіз талса да.

Қектем де жетті,
Олар да жетті-ау тізіліп,
Сәндері қандай,
Әндері қандай, сызылып...

Жетеді жәймен көңілге мың сан мұң артып,
Караймын ұзак,
Санаймын ұзақ қызығып,
Қалмаса екен бір жерде бейқам байғустар
Тізбегі тарқап,
Үзіліп!..

Құз еді былтыр,
Қайтқанда қандай налыдық,
Қүймесе екен қанаттары отқа шалынып,
Үндері қандай,
Наламен, мұнмен жабығып,
Шертердей бір күй шағынып,
Қектемді тосты-ау олар да біздей сарылып,
Туған жеріне сағынып жетті-ау,
Сағынып!..

ОРАЛСА ФОИ ШАБЫТ БОП...

Күн-түн қатып дегендей,
Күн-түн қатып,
Жүректерге келемін күй тыңдатып.
Тәтті үйқынан таңдағы оятып ап,
Шабыт болып оралар шіркін бақыт.

Сәулеті әсем,
Тірліктің сәні жарық,
Жүректердің маздаса шамы жаңып,
Мен сол шамнан іздеймін нұр, ізгілік
Әкелер деп бойға нәр,
Жаңыма құт.

Елендеген бейкүнә көңілім-ай,
Жәй таптырмас ақынға өмір үдай.
Арман болып алыстан көрінүл-ай,
Гүлдестедей құлпырып өрілул-ай!

Өрілуі-ай сәулемен мың құбылып,
Қөктете мә деп қалдым гүлді де үміт.
Гүлдестенің өріліп сабагымен
Күннің нұры дамылсыз жүр жүгіріп.

Сыр іздеймін сол нұрдан күн-түн қатып,
Жүректерге жетсем деп күй тыңдатып,
Бар қызықтан баз кешіп кетерліктей,
Оралса ғой шабыт бол шіркін бақыт.

БӘРІ БАР-АУ...

Бәрі бар-ау бүгінде,
Бәрі бар-ау...
Барлықтан да кейде адам тарылады-ау,
Пенделіктен көңілім арыла ма-ау,
Жұмақ жерде, іздесен,
Басқа түгіл,
Құс сүті де, бауырым, табылар-ау.

Бір жаныңа не керек,
Қала бәрін,
Бәрін-бәрін ақиқат таба аларың,
Құйып берем, қаласаң, көкіргіңе
Ай шуағын,
Күн нұрын,
Дала нәрін...

Жалғаны жоқ сезімнің,
Таңырқама —
Қалауынды айт,
Қара сен,
Бәрін қара!..
Керек десен, тәніңе жел тигізбей,
Бөлеп қоям ақ мамық — ақ үлпаға.

Біз шықпаған өр қанша,
беткей қанша,
Бұл өмірден жүреміз кетпей қанша?
Ол — пенделік,
Хақың жоқ ренжуге
Кейде көніл кеңісі жетпей қалса.

Қарашы өзін,
Бұл күнде бәрі бар-ау,
Жүздескенде бәрі алып,
Бәрі нар-ау.
Барлықтың да бағасын тани алмай,
Тәубасынан кейде адам жақылады-ау.

Дүние — есік бізге де жабылады-ау,
Сөнеді, сөнеді ертең жаным алау,
Жалпақ жалған қушиып тарылады-ау,
Ашық кездे ашылып жүрейік те,
Тірі Адамға бәрі де табылар-ау,
Бүгін бізде бәрі де, бәрі бар-ау!

АР АЛДЫНДА ЖҮГІНІП

Темір төзімді егуедей кейде сын үтіп,
Тірлікте талай сүрініп жүрмін, сүрініп.
Көңілге зәуде көлеңке болып қонады
Алмасып келіп бір күдік пенен бір үміт.

Тағдырың талай талқысын көріп, тартысып
Өткіздім бастан,
Сезімдер оттай шарпысып.
Сонда да болса біткем жоқ әлі тірліктің
Қуаныш, қайғы шарабын, уын сарқа ішіп.

Білмеймін,
Өмір бүйдалап алды несімен,

Біреуге — түйк.
Біреуге — еркін шешілем.
Алаңсыз өтер,
Армансыз өтер күнім жок,
Ойменен егіз жарапса керек несібем.

Күни күндерім,
Күйни күндерім кешірген
Шықпайды естен —
Жасырам жұрттан несін мен?
Болдым деп жүрген,
Толдым деп жүрген жан емен.
Сақтасын құдай,
Сақтасын ондай кесірден.

Біреуден үлкен,
Біреуден баста кіші ғып
Жаратқан тағдыр,
Үқанға — үлкен түсінік.
Аламдық Ардың еңесін төмен түсіріп
Көрсөткен емен,
Көрсеткен емен «кіслік».

Алмасып кейде бір күдік пенен бір үміт
Алады баурап,
Оны да жатыр кім үғып.
Басқаның емес,
Арымның ғана алдында
Артықтау кетсем, тәубеме келем жүгініп.

ЖАЛЫН-ӨЛЕҢ

Ұсынып сыбағаң мен сыйынды әман,
Көшесің көз алдынан қүйин-далам.
Кей-кейде бедерің мен беделінді,
Азды-көп аларың мен берерінді
Үлгеріп көріп қалу қыны маган.

**Тау емен, дария емен дара, тұрган,
«Мен де адам сүйек-еттөн жаратылған».
Көп жайдың байыбына бойлай алмай,
Тебіреніп ойлар жерде ойлай алмай,
Қайрылған құс сияқты қанатымнан
Айрылам төзімімнен, тағатымнан.**

**Аспаннан шолып алыс құйын үстін,
Кияндап келсе дағы биік үшқым;
(Біреу, бәлкім, енжарлау ез деп үғар)
Аяқ асты қалатын кеэдерім бар
Арасында құйініш-сүйініштін.**

**Ұгады оны алау боп жанатындар —
«Қиял» дейтін құрыштан қанатым бар.
Білетіндер тірліктің есебін көп
Жүр ғой сол қанатымды кесемін деп,
Қапияда дәл іштен шалатындар,
Кирай түссем қуанып қалатындар.**

**Ұратындар жүрекпен,
жаныменен
Құдер үзіп көрген жоқ әлі менен.
Үзген емес,
күдерін үзбейді әлі
Қыранның серпілісін іздейді әрі —
Бір керемет күтеді тағы менен
Көрінетін бақты, барыменен
Қажет болса ар үшін өлеңтін де,
Сөнбей мәңгі лаулайтын жел өтінде
Мен боламын шалқыған жалын-өлең!**

БЕКЕР БӘРІ

Жазылмаған өмірдің заңдылығы
Сәл бұрын да,
Кеше де,
Алдыңгүні..

Соған ғана бас иді,
Басқага емес,
Тына қалып тірліктің бар дүбірі.

Оқығаным басқа-ды кітаптардан —
Дұнисекор жан емен шыт, ақтарған.
Шындық шыңы қалайша аласарып,
Әділеттің ауылы жұтап қалған?

Мүмкін емес,
Сенгем жоқ,
Сенбеймін де...
Ағып кетем бағытсыз сендей мүлде.
Әділетті жалғандық жеңер болса,
Адамшылық тап болмақ нендей күнге.

Ардың туын түсіріп, ыластаған —
Өтірікті шындық деп растиған
Жаңдайшаптар жаудан да хаялтірек,
Шындық сырын сезінбес шың аспаған.

Бекер, бекер —
Бәрі де бекершілік.
Жауыз жалған тірлікten өтер шіріп.
Арамдардың жолына жуа екпесек,
Өзен — өмір арнадан кетер шығып.

Кетсе шығып дүниес қалыбынан,
Запа шегер Жақсылық — жалын ұлан,
Опасыздар олжа іздер тағы бұдан,

Тұрлауы жоқ тірліктің керегі не
Нұрланбаса әділет жарығынан!

ҚЫЗЫҚТАН ҚАЛСАМ, ҚАЙТЕМІН

Толқында жүзіп,
Өмір — өзенде қанша ақтым,
Өзін қой енді,
Елесі де жоқ сол шақтын.
Құлдырап жүрген құлыншақ күнде еліріп,
Ағындарға да қарсы ақтым,
Енді ме, енді ықтаған қайық секілді,
Жауынга тиіп желкенім талай сетілді,
Келемін жылжып,
Шаршаппын, достым, шаршаппын!

Білдірмей келіп сай-сала,
Жүлге-жүлгемен,
Аларын алып өтіпті жәймән жыл деген.
Кеше ғой, кеше бәйшешек едім гүлдеген,
Оранған үлде-бүлдемен,
Сол белде қазір басқалар жүрген секілді,
Қектемің үлде-бүлдемен,
Андамай қаппын мүлде мен!

Жазым да кетер сәйгүлік аттай ағындал,
Орнында сұлу сағым қап,
Қуатымды алып,
Бойдағы асау арынды-ап,
Өткенді айтып,
Жұбатып жанды, уатып
Жастықты еске ап жүретін оттай жалындал...

Естелік — өмір барады қанша үзакқа,
Қыс-тагы жетсер,

Күз — ғұмыр түсер тұзаққа.
Қызыым бітіп,
Қызықтан қалсам қайтемін,
Ұзатпа мені,
Ұзатпа, тағдыры, ұзатпа!

ҚАЙРАУ

Неге, бауырым, қабагың түсіп кеткен,—
Күлтеленіп көз алдың ісіп-кеткен.
Қайдан-қайдан келеді жаман ойлар,
Кеудемдегі күдікті күшіктеткен.

Не, болғаны, бауырым, саған бүгін,
Жеткендейін басыңа қараң күнің.
Отырсың-ау жасырып бір сыр менен,
Мүмкін болса,
Женілдет ағаң жүгін.

Тетелесім, інімсің,
Құрдасымдай —
Есіп ең ғой сен менен сыр жасырмай.
Көрдім-дағы кейпінді шошып қалдым;
Өрекпіген көңілім тұр басылмай.

Сен — іні, .
Мен — аға бол өскенмен де,
Бір жүрдік қия асарда,
Төске өрлерде.
Екеуміз екеуара сыр жасырсақ,
Ойлашы, әке аруағы хош көрген бе?

Айт өзің,
Еңсен неге езіліп тұр,
Өз жаның өз бойыңнан безініп тұр.

Бір кейлек бұрын киген атым бар ғой,
Бір пәле айтпасаң да сезіліп тұр.

Тез тарқат көңілімнің түспалдарын,
Басыңа қоңсын қайта ұшқан бағын.
Ішінен қиналасаң да сыр алдырма,
«О, бәлі!» — деп күлмесін дұшпандаңын.

Ер басына не келіп,
Не кетпейді,
Өмір бәрін екшейді, електейді.
«Ерлігінді қасиет тұтар болсаң,
Ездігінді көрсетпеу керек!» дейді.

Көтер бойды,
Шарқ ұрып, шалқып отыр,
Қимыльшінан көз жазбай халқың отыр.
Сол назардың салмағын түсінбесен,
Күйік болмай көзіме,
Тартып отыр!

МАҒАН САЛСАН...

Құлаққа ұрган танадай тым-тырыс шақ,
Кім қамаған ду-шуды, ұстап, тұсап.
Әзіл қайда жататын актарылып,
Төгілетін күлкісі күміске үксап.

Маган салсан,
Ду керек,
Думан керек...
Оған және дос-жаран, туған керек.
Тыныштықпен алдама,
Мен о баста
Көр-тірліктен оғаштау,
Тұғам бөлек!

ШЫНДЫҚ БОЛСЫН БАСТАУЫҚ

Өмір атты айдынға қайық салып,
Барымды базаршыдай жайып салып
Отырганда біреулер:

— Мұның не? — деп,
Жүрер ме екен төлетіп айып салық.

Анғалдықпен сырымды жасырмагам,
Жас баладай жайдың ем тасырлаған.
Құлық бар деп өмірде үйретпеген
Сен де аңғал болғансың-ау, асыл бабам.

Болар-ау деп жалғанда күдік, кәдік
Бір қырыңды ішіңе бүгіп қалып,
Орайы келген жерде жығылсаң ғой,
Сездіріп қуатыңды жығып барып.

Отырам да ойлаймын кейде ақырын,
Сезім-сәби,
Шыңғыртып жейді ақылым.
Әр істің де басы бар, аяры бар
Ақырын күт,
Ақырын, — дейді, — ақырын!

Не керек,
Сол ақылға құлақ аспай,
Есігін кей ағаның сұрап ашпай,
Кектемде де келемін көктей алмай,
Айрылған қауқарынан қу ағаштай.

Сол болар жазылғаны пешенеме,
Ризамын бүтініме,
кешеме де...
Бабам да солай болған, — дей саламын,
Біреулер:
— Жолың ауыр, — десе, — неге?

Балам да,
Немерем до,
Шөберем де...

Айтарым:
— Айдағанға көнсө көрмө!
Куарсаң, шындық үшін қуара бер,
Бастауың — шындық болсын көгерерде,
Сонда бәрін бағалар,
Көрер Ел де!

* * *

Жанымда жай оғы бар атылмаған,
Оғым барда батырмын,
Батылданам.
Шырқымды бұзамын деп шындал келсен,
Жай түсірем,
Орнатам ақыр заман.

Тереңнің терендігін бойлап көрер,
Кезің бұл алды-артының ойлап келер.
Жанымның зарядтарын соқтықтырсан,
Тебенде нажағайым ойнал берер.

Ойнал берер,
Сонан соң нең қалады,
Құлғе айналсан,
Кім сені емге алады?
Тазалықта жараган — жарықтығым,
Тұтініңмен бүркеме ен даланы.

Ен даланың мен де бір бөлшегімін,
Бөлшегімін және де өлшемімін.
Сүйегінді таба алмай қор боларсың
Жай оғына дәп келіп өлсек, інім.

Жанымда жай оғы бар атылмаған,
Оққа басын тікпейді ақылды адам.
Сен мені сырт жағымнан айналып өт,
Болам десең өзің де,
Атың да аман.
Ал, шырқымды шынымен бұзар болсан,
Жай түсірем төбенен шатырлаған,
Оның аты — білсесің, ақыр заман!

ҰЛЫМА

Дос таба біл,
Достықты түсіне біл,
Ең ауыр сын — үға алған кісіге бұл.
Қырық құбылып баз біреу өзгергенмен,
Өзгерпейді табиғи түсін өмір.

Табиғатта ағың — ак,
Қараң — қара...
Әсерленбе әрнеге,
Алаңдама.
Бойда жоқты әкен де бере алмайды —
Өз тағдырың қатысты саған ғана.

Өмір зәңы —
Бар асыл жойылмайды,
Кергімей жүр —
Қара жер ойылмайды.
Ешкім жоққа жақсынды шығармайды,
Досың түгіл,
Қасың да мойындайды.

Бәрі өзінен жақсың да,
Жаманың да...
Ешкім тірек болмайды жаман үлға.

Менен тұған үл болсан,
Бар тілерім
Қадыр білмес жандарға таба қылма!

ҚАРЫЗ

Жығылған де кезім бар,
Сүрінген де;
Білдіргем жоқ сонда да сырымды елге.
Адал жандар нұр құйды көңіліме,
Арамдардан азды-кеп түңілгенде.

Жақсы ағалар жаңына ап сол күндері:
«Солған жоқсың,
Сен қайта толдың» деді.
Сенімменен қараган жылы көздер
Кеудемдегі жалыңды сөндірmedі.

Жайнап сол сәт сезімнің гүлі демде,
Шешек атты,
Түсіндім мұны мен де.
Ағалардан алған сол қарызымыды
Қайтарсам деп келемін інілерге.

БІРГЕСІЗ

Алатаудың басы — қар,
Гүл — етегі,
Ай өтеді зымырап,
Жыл өтеді.
Өзініздей ұстаздар шәкірттерін
Қияндарға қырандай тұлетеді.

Шығарып сап жатсақ та демалысқа,
Ойламаймыз —
Деп Сізді бек алымста.

Қамқор боп,
Ақылшы боп жүру үшін
Керек Сіздей қашан да кемел үста.

Сіз үстазсыз қашан да,
Әрі үстасыз,
Ұяңыздан кетдейсіз алысқа Сіз.
Әруақытта біз шықсан биқтесіз,
Ортаңызбен ортақсыз табысқа Сіз.

Шалқыта бір салатын әніңізбен,
Әніңізбен,
Сыпайы сәніңізбен,
Жақсылыққа жадырап жаңын үзген,
Айналайын, Аратай, әрқашан да
Бірге бола бересіз әлі бізбен —
Мына отырған жәудір көз бәрімізбен.

ТОЛАҒАЙ

Жорғаң — аста,
Жүйрігің — жетегінде,
Қашсан кетіп,
Кусаң шын жетерің де.
Тіршіліктің ешкімге опасы жок,
Сендей ақын келмесе екі елуге.

Жорғаң — аста,
Жүйрігің — жетегінде,
Қашсан кетіп,
Кусаң шын жетерің де.
Ұлагатпен келесің үғындырып,
Өнердегі жарыстың не екенін де.

Жорғаң — аста,
Жүйрігің — жетегінде,

Қашсаң кетіп,
Қусаң шын жетерің де.
Анаң сені тұғандай Толағай ғып
Мәртебесін өлеңнің кетеруге.

Тұздығын да,
Өлеңнің шекерін де
Татып жүрсін,
Білесің не екенін де.
Өлең үшін,
Өлеңдегі өнер үшін
Міндептісің келуге скі өлүге.

ЖЫЛАП АЛ, ЖАНЫМ

Жылап ал, жаным,
Мауқың бір әбден басылсын,
Кекірек шерін көк нөсер жуып еткендей,
Жайнасын жаның құлпырып қайта көктемдей!
Жылағаныңа несіне кінә қояйын —
Күлгениңді де жүрген жоқпыш ба көп қармей.

Жылап ал, жаным,
Мауқың бір әбден басылсын,
Жуылып кетсін нала мен мұндан түк қалмай.
Болмаса сені қоярдай мәңгі құтқармай.
Шайылған шаңы шар айнадай бол тұрган соң
Сырынды енді болдым-ау, сәулем, үққандай.

Жылап ал, жаным,
Мауқың бір әбден басылсын
Жылау да керек фәни жалғанда пендеге
Жұмыр жер, сірә, қайғы-қасыретке кенде ме?
Бәрімізге ортақ тағдырдың нала-жаласы,
Бір мұң бар шығар сенде де,
Қалқам, менде де.

Жылап ал, жаным,
Жылғың келсе, жылап ал,
Сәнілді таңнан толассыз жауған мына қар.
Көзіңің жасын кел-кесір
Дүшпенің бірақ көрмесін.
Чаша кезде мауқынды басып ал дары,
Шлан соң барып бір жолата тына қал.

ӨЗГЕРДІҢ БЕ

Соғысекің де келмеді-ау,
Өзгердің бе?
Әмге дәрі, өтеді сөздер кімге.
Ұылғыз сен бе, жаным-ау, жабырқаған,
Намысы бар,
Алай бар взге елдің де!

Үнің қандай зәрлі еді зекігендей,
Нәзік кеңіл көбесі сетінердей.
Қәй айтсан да жәйінді білер ем гой,
Ереуілдеп ел жұртқа екіленбей.

Жайдарым-ай,
Жайдарман жайдарым-ай,
Кара жерде қары жоқ тайғаным-ай.
«Кеңіл де көркем гой» деп жүруші ем,
Көнілімнің бұздың-ау қаймагын-ай.

Несін айтам,
Мұнымды кімге шағам,
Жалығар ем, көніл де ғулдесе әман.
Өзімнен де болды ма,
Кім біледі,
Жайып салып жанымды қүнде саған.
Ү іshedі, әрине, білмесе адам.

Тартынайын,
Қой, енді тартынайын,
Қүнде тұрмас төбемде шалқып айым.
Тұсінбесен, сен мені тұсінбессің,
Ал, тұсінсең, бағамды тұсірмессің,
Болғай да тек бәрінің арты қайыр.

Сөйлескің де келмеді-ау,
Сөйлескің де,
Бірақ одан жан отым сөнбес мұлде.
Ашынарсын,
Қайтадан басыларсың,
Байшешектей гүл жарып ашыларсың,
Одан, одан мен бейбақ өлмеспін де,
Мұңымды да шаға алман өңгө ешкімге,
Жазбасын тек тәнірім көрмес күнге.

МӘРИЯМ

Лирикалық поэма

Талдыкорған облысы Қербүләк ауда-
нындағы «Арқарлы» совхозының аға-
шопаны, СССР Мемлекеттік сыйлы-
ғының лауреаты Мәриям Аязбаеваның
өмірінен бір үзік сыр.

БАСТАУ

Жерүйігім — Жетісүйім, армысын,
Алдым — жазық,
Артта — Алатау, қарлы шың.
Тұғырыңа қондыргайсың қырандай,
Ұшырайын саған қарай ән құсын.

Кондырып ал,
Ұшырайын тұлетіп,
Ыңғар тиіп,
Майдайынан күн етіп
Қалмасын тек,
Мәпелендер құсымды —
Аяландар ақ ұллаға түнетіп!

Жеті өзенің — жеті бұрым таралған,
Жер жәннаты — Жетісу бол жарапған.
Саған қарай сал Біржан да асыққан
Естісем деп бір ауыз сөз Сарадан.

Сал көңілін сұлулықпен баураған
Қол бұлғайды бүйрат-бүйрат тау маган.
Жұлдыздарың тәбемдегі жайнаған
Құралайдың кездерінен аумаған.

Тарих беті паракталған секілді,
Өткенімді санаққа алған секілді.

**Рентгениң сәулесіндегі кеудемің
Қазынасын қарап қалған секілді.**

**Жетісүдай көкорай жер көп пе екен,
Соран қарап көнілімді көктетем.
Бір ғажайып нұр үялап кеудеме
Жаңа туған жас сәбидей боп кетем.**

**Жәннәт өлкө —
Үміт те арман секілді,
Кей көнілді күдік шалған секілді.
Шоқан бабам қимағаннан осында
Мәңгіл-бақи тұрып қалған секілді.**

**Бұл өлкеге кімдер ғашық болмадан,
Ойы-қыры,
Тауы-тасы... толған ән.
Жетісүды жырлау үшін жаралған
Ілиястың Інісіл боп толғанам.**

**Асан бабам армандаған Жерүйық,
Сән-көркімен жанды арбаған Жерүйық,
Бетегесі, бел-белесі! бебеу ән,
Бебеу әнді тыңдайды әр кез ел үйып.**

**Тебіренткен асқар таудың шыңдарын
Сол әуенде елтіп мен де тыңдадым.
Тыңдадым да қайран қалдым, ғажайып
Көріп сұлу қыздары мен ұлдарын,
Тогысқандай осы аймаққа кіл дарын!**

**Текіз болып тебіренем, шайқалам
Мынау өлкө —
Шетсіз-шексіз байтақ ән!
Нұрмолданы, Әблханды туған жер —
Жомарт өңір...
Қайсы бірін айта алам?!**

Жемісті өлкे —
Тауды қойып, құм белде
Кайран қалдым шешек атқан гүлдерге.
Аламдары сыр бүкпейтін ақ жарқын,
Жан сарайы көрінердей күлгендे.

Аз күн жүріп талайымен таныстым,
Таныстым да,
Күс көнілмен тағы үштым.
«Шекарасы жоқ екен — деп түйдім мен,—
Жақсыларға жақын менен алыстың».

Көнілдерде тұңып жатқан сырға мың...
Шомдым еркін,
Жүректерін тыннадым.
Қырға шыққан қызғалдақтай құрбымыды
Таптым дағы, тебірене жырладым.

БІРІНШІ ТОЛҒАНЫС

Астана таңы арайлап атты, арайлап...
Пердесін түріп,
Бөленді нұрға бар аймақ.
«Россиядағы» онынши қабат биіктен
Мәриям тұрды аймақта түгел қарайлап.

Келгені мұнда кеше еді,
Аймалап жүзін сал самал жәймен еседі.
Қекте де — жұлдыз,
Жерде де — жұлдыз жымындал,
Қуанышына қуаныш қосқан кеш еді.

Қектемі жетіп,
Оралған қайта құстардай,
Сарқылар емес,
Бойында бұла құш бардай.

Көсемнің езі аялап алақанымен
Есімін айтып,
Құттықтап қолын қысқандай.

Талайға дейін дәңбекши берді көз ілмей,
Бақытты жан жоқ жаһанда мына өзіндей.
Айтылған әрбір қошамет сөзді жүргі!
Қабылдан жатты көсемнің айтқан сөзіндей!

Дүниеге түгел кез салды мына білктен,
Өткен күн —
Жаңда басылмас мәнгі күйік пе ең?
Көре алмай қалған әкесін бір сәт еске алды:
— Жан көке, сен де өмірді мендей сүйіп пе ең?

Жоқтадым талай,
«Ұмытқан-ау» деп ойлама,
Сені іздең қанша қамалдым орман ойға да.
Ән менен күйі шалқыған шалқар кештерде
Ән салып тұрып жыладым іштей тойда да..

Ән салып түрдым,
Бірақ та іштей жыладым,
Кеудемде жатты екпіні қатты бір ағын.
«Жан кекем маған үқсайтын ба еді шынымен?
Айтшы» деп, тағы анамнан талай сұрадым.

Ауылдағыдай ояндым бірге таңменен,
Өзіңе жақын келдім бе бүгін әлде мен?
Москва үшін жалын боп жанып кетіп ен,
Сезгендей міне,
Сезгендей соны жан-денем.

Қаршадай күннен қозы да бақтым,
қой бақтым,
Түңғиық теңіз —

Тұбіне жетер бойлап кім?
Кешегі жетім —
Қазақтың қара қызының
Есімі көпке тарар деп қашан ойлалпын?!

Ауылда — аға,
Ауданда — аға Айтақын,
Соғыстың не бір сұрапыл сырын айтатын.
Тірлікten талай түңіліп барған жетімдер
Аунаған қарға тұлкідей түлеп қайтатын.

Менің де талай таусылып барған күндерім
Есімде әлі,
Умытса оны кімде кім,
Өзін де мұлдем ұмыту керек,
Жақсылық —
Жанына нұр бол құйылар қуат,
Білгеним!

Өмірде мына жақсы жандарды көп көрдім,
Тарқады содан көкірегіме шөккен мүн.
Сен үшін, көке, есейдім ерте, сөкпегін:
«Тәптіштеп несін айтты деп, қызыым өткеннің».

Тірлік қой,
Тірлік естеліктерден тұрады,
Жетілмей қалды көкілдің майса құрагы.
Таралып естік еркелер кезде еркіндеп
Тас тағдыр бізді тезіне салып сынады.

Сынады бізді —
Деді ме мұлдем сынады,
Жетпейді бұған төзімі, қайрат-шыдамы.
Жетісу деген құнарлы жер ғой қашаннан
Шыбық қадасан, шынар бол есіп шығады.

Біздер де естік, жан кеке, сондай шынар боп,
Төбемде қазір түнерген бұлт пен мұнар жок.
Қайысқан кезде өзіңдегі болып сүйеген
Жандарсыз мұнша азап-тозаққа шыдар ма ек?

Болды, рас, талай алдымда асу өр менің,
Сен үшін, кеке, өлмедім,
 Эр кез өрледім.
Кемпір мен шалдың қөніліне қарап жүрерде
Сүйе алмай кеткен қызыңды қайтып көрмедин.

Жұлдызым биік,
Мөп-мөлдір таза көгім де,
Бәрі де сендік —
Азым да, кеке, көбім де.
Ойлаган кезде сен болып дәйім ойлаймын,
Умтылып, еркін шығамын елдің төріне.

Биіктен қарап шолдым да жақын, алысты..
Көрігі болып қыздырдым бәйге-жарысты.
Алдымға келген жандарға сен бол жөн сілтеп,
Сен болып шештім қиналған сәтте әр істі.

Москва төрі, съезге келген кезімнен,
Өзінді ойлап, аламын ақыл өзіңнен.
Жан кеке, сенің арманыңды алға жетелеп
Жүргеннен бе екен,
 Қанатты жандай сезінем.

Кошаметпенен шығарып салды ауылда
Ана да,
 Дос та,
 Аға да,
 Жар да,
 Бауыр да..

Балтісіз солдат!

**Көнілімде өзің секілді —
Желдім шоқ гүл, ескен бір туған тауында.**

Ажарлы тауы —

**Тында табан ізің бар,
Сал жерде сенің көктемің, жазың, күзің бар...
Сал жерде сені сарғайып күткен жарың бар,
Сал жерде сенің жалғасың —**

Улың қызың бар.

Сал жоқсың, көке,

Балыласа бәрі, бәрі бар,

Әрлікке дәйім ел басын іп, табынар.

Тұба де қайта,

Ордаңың Тұын жықпадық,

Дұлағың бармыз өзінді жоқтап сағынар!

Киңдауыл соғып,

Құгады дейді бәйттерек,

Тамыры кетсе,

Бектепес ешкім қайта елеп.

Өзінді көрген агалар аман келмесе,

Біз өзің жайлы не біліп, нені айтар ек?

Балесің, көке, Жетісу жері киелі,

Киелі жер ғой —

Балқытар жүйе-жүйені.

Экелдім арнай бәрінің ыстық сәлемін,

Сен жатқан жерді мен болып бүгін сүйеді.

Кеудемде қазір жанартау атқан жарылыс,

Сезім ғой, сезім!

Пәнім бүл бәрі танығыш!

Мүскеуге келіп қайтадан толқын атқандай

Сабыр тартқан сағыныш!

Сағынып жүрміз жолыңды құтіп, қарайлап,
Әкесін перзент жанына жақын балайды-ақ.
Әкелдім гүлін,
Әкелдім әнін аулыңын,
Мен болып басын иеді саған бар аймақ.

...Алаулап атты,
Арайлап атты таң бүгін,
Ақтарды Мәриям, •
Көңілдің сырлы сандығын,
Арқарлы әні, Жетісу лебі жеткендей,
Радио таңда бүлбүлдың ғажап салды үнін.

БІРІНШІ ШЕГІНІС

Есінде алғаш қой жайып,
Қырға шыққаны.
Колында — таяқ,
Қасында серік — Құтпаны.
Жел соғып тұрды теріскей беттен ызғырық —
Калың непірдің ойпаңға қарай ыққаны.

Шәй-шәйлап қойып,
Соңынан еріп келеді,
«Тоқырат» деді ме,
Қызайбай мана не деді?
«Ит-құс бар» дейтін,
«Сактансаң ғана сақтайды» —
Осынау сөзге көңілі қатты сенеді.

Мәриям жалғыз,
Тербетіп тылсым даланы,
Тебірентіп тауды,
Гүл тұнған сай мен сағаны,
Ұмытып бәрін,
Ұмытып тіпті өзін де
Еркіндей жүріп ерке бір әнге салады.

Әлкітей ойнап ерке ән жанды тербереген,
Сынтаныш сезім кеудеге сыймай кернеген.
«Біле кім едің,
Зең сен кімсің?» — дегендей
Заралы ойнап,
Заралы ойнап желменен.

— Шэй-шэй, қойым, шэй, қойым,
Құдрығы қардай май қойым.
Есе бер төлдеп егізден,
Ең ден құсқа жегізбен...

Келеттен қойлар өзіне қарай дүр етті,
Не болды, тәнірім!
Зең бой неге дір етті?
Дауысы шықпай Құтпанды айтақтауға да
Келшишп қалды —
Деп жүрген Мәрням жүректі.

Өмірдің заңы —
Өткен күн қайтып оралмас,
Тыссе егер тасқа майрылмайтуғын жоқ алмас.
Бастамай жатып бүлдірсе бәрін қолынан,
Бәрі де өзі ойлаған сәттей бола алмас,
Кайтадан күйі оцалмас.

Осы ма мұның қойшы боп келіп үтқаны,
Батады жанға өкініш уын жүтқаны.
Ит деген — ит-ау,
Көмекке неге келмейді,
Ғайып боп мұлдем кеткендей сенген Құтпанды.

Не болар еді сәл шыдай тұрса,
Кім білсін?..
Тамсанып жүрген,
Эн салып жүрген бүлдіршін.

— Батырым, қалай?
Қой жаю жанға тимей ме?—
Деп шыққан сайдан Қызайбай даусы күлдірсін...

— Жұғірмек,— деді,
Қуалап берді Қызайды,
Қызайбай да — ку,
Жеткізе беріп үзайды.
Сүрініп кетті ол дағы,
Домалатып жатыр бір-бірін,
Ол кез — күз айы.

— Жастық-ай!— дейді,
Бұл күнде әже, ата ғой,
Кей-кейде жанға «қартайдық» деген батады ой.
Көңілде ойнап сөнбейтін алау жатқанда,
Олай деп ойлау қата ғой!

Е К И Н Ш I Т О Л F A N Y C

— Ауылда басшы Ғымеден менен Өңалбай,
Аз-ақ қой!— дейді,— өңірде жігіт олардай.
Шыдайды күйіп шілденің ыстық күніне,
Ақпанда елмен сұыққа төзіп тоңардай.

Қашан да біздер танимыз елді өрімен,
Нәр берер жерге ісімен, маңдай терімен.
Мен сыйлық алдым,
Ал олар болса қуанып...
Балаша мәз боп,
Тойлап та жатыр менімән.

Бастықтың талай жүрміз ғой көріп сыйайын,
Демеймін бірін мақтайын яки сынайын.
Өңалбай менен Ғымедден жөні бір басқа,
Бір басқа,

Солай бола берсін де ылайым.

五

Шернам отыр ақтарып сырны жасырмай,
Қырық жасы оның көрінді маған ғасырдай.
Кешегі мұңлық,
Аесір бол қалған Мұғілсін
Әрісі — шалқар,
Тірлікten қайтіп түкілсін.
Тік үстап бойын, әнемелерімен келеді,
Тас тағдыр иіп,
Тынып жатыр гулін шын!

Дала да қазір қуаныш болып жырлайды,
Жырлайды —
Әсү Мүгілсін Ана тыңдайды.
Бүтіні қандай,
Әртөні — тағы таң нұры,
Әткені ғана — жазылмас жара, мүн-қайғы.

«Іздемейін-ақ бермеген баста бағынды,
Қалмадың жаста жарымды,
Алмас барымды...
Ең көзден енді сақтасан болды, құдай-ау,
Фелкілдеп өскен осынау құлындарымды».

Сәкпепдер, сірә, Мұғілсін ана діндар деп,
Бұқартқан еді жүйкесін жетім жылдар жеп.
Гешегі соғыс кесепат болып келмесе,
Зөз жасын көріп,
Зәйліліңің шерін тыңдар ма ек?!

Першемен жүрек,
Штатын элі мұң-зар көп,
Си білген жанға түсетін мұнша сын бар деп.
Сәлемай қалған сондағы көп-көп құрбысы
Сәзде ар кез елестейді асқақ шыңдар бол.

Жары сондай кіршіксіз таза бір шыңды,
Төбесі бірақ қар емес, майса гүл сынды.
Түсіне кірді,
Жақындал талай қол созды,
Оянса елес,
Бір емес, сагы мың сынды.

Куаныш еді,
Құдай-ау неге шектедің,
Қол создым мен де,
Таяп-ақ барып жетпедім.
Сағыныш уын қеудеме күнде құйғанша
Үйқыға неге біржола шомып кетпедім.

Демендер ана тәубасын мұлдем ұмытты,
Жоғалтар қалай жандагы шырақ-ұмітті.
Мариям, Досан ол кезде балғын шыбық-ты,
Шынар боп есті —
Өтінде желдің шынықты.

Шынықты шыннан —
Бұл күнде олар қос шынар,
Тартылып қалған тірлікке қайта қосты нәр.
Мейірман көңіл,
Өртеңге шыққан өркендер,
Зерделі және жанына балап досты ұғар.

Арым деп үқты,
Барым деп үқты тірлікті,
Куаныш, күлкі тербетер болды түндікті.
Үл менен қызы алақанға сап аялап
Көтерді биік кешегі жесір мұндықты.

Көтерді биік —
Кеше ғой мұны кім күтті,
Өткерді бастан қындықтарды, сұмдықты.

— ~~Ана~~ эр кез, бәріне шыдар Ана гой,
— ~~Ана~~ егер бар болса сондай бір мықты.

— ~~Ана~~ егер бар болса сондай бір мықты,
— ~~Ана~~ да ықпай айтатын тұра шындықты;
— ~~Ана~~ гой,
— ~~Ана~~ гой ғажайып,
— ~~Ана~~ ізіне жайқалып өсем гүл бітті.

— ~~Ана~~ —

— ~~Ана~~ гүл бітті басқан ізіне,
~~Ана~~ са көңіл,
~~Ана~~ жазы, күзі не?
— ~~Ана~~ есті мейірлі жандар ішінде,
~~Ана~~ аптақ нұр кірді жарқын жүзіне.

— ~~Ана~~ май ісі,
~~Ана~~ май тосып күткені,
~~Ана~~ зазып қалған көңілі құргыр күпті еді.
~~Ана~~ асты жолдар қайталап барып бір-бірін,
~~Ана~~ асты өмір —
~~Ана~~ тің дәмі бітпеді.

— ~~Ана~~ енді, бұл күнде бәрі, бәрі бар,
~~Ана~~ сондай таусыла бермес балы нәр.
~~Ана~~ жыл қатар жүт болмас,— дейтін бабалар
~~Ана~~ са — шындық,
~~Ана~~ ау сөздің жаңы бар.

— ~~Ана~~ па?

— «ір, бұл күнде байлық жетеді,

— ~~Ана~~ стауы әне —

— ~~Ана~~ оң жақ етегі.

— ~~Ана~~ телефон — үйде,

— ~~Ана~~ аттымен де тілдесіп,

— ~~Ана~~ған сэтте Мәскеуге шынып кетеді.


Бұл күнде қойшы —
Мықтысы болды мықтының,
Оңынан — Айы,
Солынан күліп шықты Күн.
Кешкілік бәрі отырып үйде көреді
Қиял жетпеген әлемнің түкпір-түкпірін.

Көрдім де бәрін, шалқыды көңілім — қызықтым,
Не деген жандар көзінен өтер жүзіктің!
Жанымды тербел,
Әнімді тербел пәк жандар,
Айдында шалқар ақ сезімменен жүзілпін.

Арқарлы — артта,
Алдында талай қиян бар,
Тербейді келіп,
Тербейді арман-қиялдар.
Ауылға барып,
Көңілім байып келемін,
Жәйімді ұғып,
Жан болса егер күй андар.

Сарызек те артта,
Арқарлы да артта,
Мен жолда...
Келемін заулап құс болып үшіп кең жонда.
Еркесі Елдің,
Мақтаны Елдің — Мәриям,
Жүре бер солай —
Айтатын әнім сен бол да!

ЕКІНШІ БӨЛІМ



БАР МЕНИң ӨР ДАУЫСЫМ

«Айықпайтын жан екен түсі мұцнан»,—
Деме, жаным, жасымда-ақ үсік үрган.
Әкем кеткен келмеске,

Ағам кеткен
Бір алапат басталып кісі қырған.

Тумаса да қара күн ез басыма,
Көңіл жеткен бағымның озбасына.
Анамның, жастай қалған женгелердің
Кез жіберіп ескенмін көз жасына.

Содан болар,
Кеп ойнап, көп күлмеймін,
Бұлт ішіне байланған шоқ күндеймін.
Қызып түсер жауымды ақ беренмін,
Қынабында қайралған откірдеймін.

Еркелігім елеусіз шетте қалып,
Балалықтан біржола кеткен алып.
Елдің жауы — ежелгі менің жауым,
Жүргімді шындағам кекке малып.

Тарихтың парақтаған сан ғасырын
Бар менің өр дауысым,
талмас үнім.
Күн туса ел басына —
Найжағайдай
Жау төбесінде ойнайтын алмасымын!

БӘРІ ҚЫЗЫҚ ТІРЛІКТЕ

Бәрі қызық тірлікте тірі адамға,
Дені сау,
Бауыры бүтін, дін аманда.
Дүние төңкеріліп сала берер
Бір күні омақасып құлағанда.

Бәрі қызық тірлікте тірі адамға,
Сайран-сауық «кел-кел» деп тұрады алда.
Бірінің кек тыныдық құны қалмас
Абайсыз омақасып құлағанда.

Бәрі қызық тірлікте тірі адамға,
Тіпті кейде мұқайып, жылаған да.
Тән емес,
Жан ауырса қандай қышн —
Оңалмай омақасып құлағанда.

Қызық деген — қызық қой,
Тойған ба адам,
Теңіздей тереңіне бойлар ма әман.
Беймагына күн кешіп,
Мәз боламыз,
Шаттықтан да,
Мұндан да,
Ойдан да аман!..

Бірдей үғып өмірдің ак, қарасын,
Тірлікten баз кешуге шақ қаласың.
Білу керек бір тұған бауырың да
Кешке дейін мадақтап, мактамасын.
«Елге жағар ер жігіт қылышынан» —
Қылышыңмен табасың жаттан жақын,
Дәл солай жақыннан да жат табасың!

Келдің ғой бәрін, бәрін көрсійін деп,
Лауласын жанда жалын,
Көмейінде от.

Өмірдің өз ұлы боп келген басың,
Кетпесін кетерінде өгей үл боп!

ТҰРАҚТАҒАМ

Күлкің қайда,
Жаным-ау, күлкің қайда,
Ойынға бастап тұрар құлқың қайда?
Арамыздан қанша жыл ағып өткен,
Жүрек шіркін сонда да бір тынбайды, ә?

Таң нұры бол кіруші ең арайлана,
Қараушы едің назданып шар айнаға,
Өң мен түстей құс-уақыт ұшып кеткен,
Бәрі жылдам өзгерген қалай ғана?

Қүй тәkkендей домбыра шанагынан,
Нұр қүйілсып тұратын жанарынан.
Еске түссе,
Сол кезге қарғыс айтам
Досқа күлкі,
Дүшпанға таба қылған.

Саған қайдам, жетті ме, жетпеді ме —
Әлі жүрмін жырақтау,

Шеткеріде.

Өзімді өзім аяусыз жерлеп келем
Бір ашудың құлы боп кеткеніме.

Тарқамаған жанымның жастық әні
Сені ойласам еріксіз мас қылады.
Табыстырып,

Бірақта қауыштырмай
Тұрган мына тағдырдың қастығы әлі,
Жақында май бала дос жатсынады.

Жатсына бер, жатсынсан,
Амалым ие,
Көктем өткен,
Толмайды дала гүлге.
Көріскенде дос болып көріссең қой,
Бәрі бір оралмаспыш бала күнгө!

Құндер кетті ұнатқан,
Ұнатпаған...
Ұақыт кімді кімдерге сынатпаған,
Бұрынғыша қарай бер, шырак, маған.
Жел басылып,
Кеудемде дауыл тынып,
Мен де бұл құн жәй тауып, тұрақтағам!

* * *

Кезім кеп лапылдаған, жалындаған,
Сезім — дауыл тербетіп жанымды әман,
Тулатқанда теңіздің толқынындай
Қандай жақсы жүргенің жанымда аман,
Сен болған соң алансыз дамылдағам.

Отқа күйіп,
Суга да батып көргем,
Бейбагызың уды да татып көрген.
Сенің жөнің белектеу —
Маңдайма
Үш жүлдyzрып —
Үш бірдей Бақыт берген.

Тау сүйндай бұрқанып, тасып төтен,
Ақтарылып арнамнан асып кетем.

Ондай кезде көзізбін көбелектей,
Біреулердің сүйелін басып кетем.

Жұргем жоқ оны, әрине, мақтан қылып,
Десе біреу:

— Бұл қандай жатқан бүлік?
Сабырменен сабама түсіресің,
Алапат апаттардан сақтандырып.

Шоқ боп ысып,
Жалын боп жанамын ғой,
Ақын — сәби,
Анғалдау баламын ғой.
Дауылра да,
Жауынға барамын ғой,
Сезім билеп, ақылдың алдын орап,
Кеп жәйді кештеу ұбып қаламын ғой!

Біздің туған, білесің, аңғал халық —
Ой-тәңізден шыға алмай, сан қарманып,
Жүретүғын көзінде майып болар,
Шығармаса жанашыр жандар барып,
Біздің туған қашаннан аңғал халық.

Өзіңсің сол ет жақын, жанашыр да,
Жанашырлық белгісі —
Жаны ашуда!
Ондай кезде жақының, алашың да —
Жиенің де, белен де, нағашың да...
Жарамайды сенімен таласуға.

Ондай кезде әкесің, анасың да,
Қарындассың, бауырсың, ағасың да...
Құмәнім бар адамның сенен жақын
Болуына Қек пен Жер арасында!

ЖАНЫП ӨТЕМ

Жанып көрдім,
Жану керек жанында отың болса,
Жанбай қалай
Өзгеден ерекпіз бе?
Көктем, жазда мәуелеп тұратүғын
Қандай күйге түседі терек күзде.

Жану керек жанында отың болса,
Бағып, сынап жанарлар отыр қанша.
Жанбай қалсац,
Мінекей сол қасірет,
Ортеніп кетсең бірден,
Өкінбе онша.

Жан-жагыңа жаутандап қараганнан
Жан қалмайды,
· Маздамай қалады арман.
Жанынды ешкім емдемес жараланған,
Хаяіптің — өмірде шала жанған.

Өкініш жоқ, барынды үйіп-төксен,
Маздап тұрып біржола күйіп кетсең.
Ұшатүғын қыранға тұғыр болып,
Жарадың Ел мерейін биіктесең.

Елім деген жігіттің жаны бөтен,
Жанамын,
Шамам келсе, жанып өтем.
Қажет болса, Данқодай жүргегімді
Жұлып алып, түнекті жарық өтем!

ҚҰЙЫП ТҮР НЕСЕР

Кеше де, бүгін құйып түр несер бір тынбай,
Көңілім де мына аспанның қара бүлтynдай.
Құлазып қалған ой-санам қазір тым-тырыс,
Үдере көшкен ауылдың ескі жұртynдай.

Адамның әлде осындай кезі бола ма,
Көңілім бей-жай,
 Құйып түр несер, өліара.

Қуантам деп те,
Суалтам деп те болма әуре,
Асылы, бүгін жанымға жақын жолама!

Тұтасып жатқан мұз құрсау мына өн бойым,
Дей көрме бірақ түсінбес жәнді тоңмойын.
Зауқым жок әзір,

 Ақ гүлге бөлеп қояр ем
Болмаса сонау адамдар жүрер жол бойын.

Өзгені қойып,
Өзімедагы кейде әлім
Жетпейді —
 Соның себебі және беймәлім.
Абайсыз біреу біреуден жапа шеккенде
Ара түспесем,

 Жегідей іштен жейді арым.

Ал бүгін сондай сезімнен мұлдем адамын,
Таусылғандай-ақ төзімім, күшім, амалым.
Шарқ үрүп кекке шагала — шабыт үшпайды,
Кеткендей кері ілгері басқан қадамым.

Құйып түр несер,
Құйып түр әлі бір тынбай,
Көңілім қазір көшкен ауылдың жұртynдай.

БӘРІН ҚАЗІР ТҮСІНДІМ

Даладағы қызғалдақтар — даладағы тулардай,
Күміс шығы жанға тұскен кір-кірбенді жуғандай.
Шалқып тұрған шағым мынау,
Мақтанды дей көрмендер,
Қызығы мол дүниеге бүгін ғана туғандай.

Тына қалды дауылды күн,
Тына қалды желді күн —
Жеке-дара менікісің,
Менікісің сен бүгін.
Тар қапаста ұстап келіп өмір бойы өзімді,
Бүгін ғана сезгендеймін кең дүниенің кеңдігін!
Жарым мықсал жалғаны жоқ,
Жалғаны жоқ сен, күнім!

Құлдырап та кете алмаппын,
Ұшпаппын да аспандап,
Жүре бергем секілденіп бүйдаланған жас тайлақ,
Қазір менің қеудемдегі қызыума қойсандар,
Сел-сел болып ағар еді тарам-тарам тас қайнап.

Шалқар дария,
Шашқан дала,
Қарқара тау,
Қара орман,
Құба жонның бал құрағы сал самалмен таранған,
Бұлбұлдары таңғы әуені тәтті әнімен тербеткен...
Тек сен үшін,
Тек мен үшін жарапған.

Айлы аспан,
Жарық жұлдыз,
Төбемізде тымық түн,
Маспын бүгін,

**Жаспын бүгін, кешіре көр, қылыштым.
Әмір бойы көркеуде бол көп нәрсесің үқаппышын,
Қия басып жұрт көрердей қияға да шықпапшын,
Үқтим енді,
Фашық болу — бақыт екен,
Шын үктым.**

БУЛА ЖАЙЫК

Сылаң қағып ағады бұла Жайық,
Сурет салған жанымға бұ ғажайып!
Сол Жайықтың бойынан сені көрдім,
Жүрген шақта көңлілдің жыры азайып.

**Жайық, Жайық агады мың бұралып,
Толқып алға жылжиды бұргыланып.
Семің күміс құлкінді сыңғыр-сыңғыр
Әкетіп бара жатыр сыр ғып алып.**

Ерке толқын тербеліп ыргалады,
Бір толқынмен ілесіп мұң барады,
Бір толқынмен ілесіп сыр барады,
Бір толқында құрбының наз күлкісі,
Сылдыраған шолпысы, сырғалары.

**Бір толқында ойнақы әзіл де бар,
Мені тербей койған жок әзірге олар.**

Тербей қалса, қалқам-ау, кім біліпті,
Түйіп қойдым жаныма бір құдікті —
Мына жүрек мерт болар, жазым болар.

Бұла Жайық толқыны толы арна еді,
Елендетіп барады солар мені.
Көп толқынға ілескен ойнақы әзіл,
Сенің маған айтқаның болар ма еді?!

Толқынменен толқын боп ырғаламын,
Қазір күйім басқаша, біл, қарағым!
Болуға әзір қашан да сен деп құрбан —
Ұйқыдағы жанымды тербеп тұрган
Болса ғой сенің шолпы, сырғаларың.

Жанып жүрсем от болып, күйіп жүрсем,
Барап жері беймәлім,
Күйім — бір сен,
Жақсы менен жаманды тез ұмытып,
Қалмасын деп сарқылып көзі бітіп,
Жыр-қайнар боп жаныма құйылдың сен.

Мың құбылып ағады бұла Жайық,
Ғаламатты көрдің бе бұ гажайып?!

Сыр қайнар боп жаныма құйылдың сен,
Жыр қайнар боп жаныма құйылдың сен,
Жүрген шақта көңілдің жыры азайып!

ШУАҚ ЕДІ...

Шуақ еді көңілім кеше ғана,
Жалған айтса баласын кеше ме ана?
Өмір деген мың түйін,
Мың түйінді
Екі адамның біреуі шеше ала ма?

Шуақ еді көңілім көшे ғана,
Құзғі дауыл самал боп есе ала ма?
Жан құрбының қабагы қабарып тұр,
Сен үшін жаным құрбан десе мана.

Шуақ еді көңілім көше ғана,
Жара салса жанына есер аға,
Кімге барып шабылып, шағынарсың —
Адам езі өз қолын кесе ада ма?

Шуақ еді көңілім жадыраган,
Бүгін көрсө, кей досым танымаган.
Кешегі күн келеді көз алдыма,
Өткенменен өлшей ме бәрін адам.

«Әңкүр-мұңқүр» ортаға ап қысты бір күн,
Шуақ еді,
Жанымда түсті кіrbін.
Қамсыз-мұңсыз жүргенге байқамаптын
Қанатында заулаган құс-ғұмырдың.

* * *

Ғажап қой мына таң нұры
Дүниені сәнмен бояған.
Өзінді ойлап әр күні,
Сол таңмен бірге оянаам.

Сезбейсің бірақ бірін де,
Балбырап балғын бал денен,
Беріліп нәзік дірілге
Тербеліп әсем таңменен,

Жатасың аппақ мамықта,
Бәлкім бір тәтті тұс көріп.
Мендең асау шабытқа
Тұрғандай бұла күш беріп.

Мамық та аппақ,

Сен де аппақ —

Жаңадан жауған ақ қардай.

Кеудемде жойқын сел қаптап,

Арнасын бұзып жатқандай.

Жоқты жоқ дейміз,

Барды — бар,

Қөңілге көркің нәр болсын.

Адамды естен таңдыrap

Сүлұлық дәйім бар болсын!

* * *

Неге екенін білмеймін,

Сұрама сен,

Дәурені өтсе, гүл-көктем тұра ма эсем.

Соңғы кездे алапат дауыл үрып,

Көшер болды көnlімнен күнара сен.

Өзім-дағы сенерім, сенбесімді

Ұқпай қойдым,

Бермеймін елге ішімді.

Ескегінен айрылған қайықшыдай

тек отырам,

Бар еркім сенде сыйнды.

Көңіл тұлпар құлағын қайшыласын,

Тәңіріден нажағай, жай сұрасын.

Жансам жаңып кетейін білмей тұрып

Бақытым мен сорымның қайсы басым.

Күл болам ба,

Бәрібір пүл болам ба —

Жүргімде тыншу жоқ,

Күнде аланда...

Өзіме өзім көрінем ең бақытты,
Ең сорлы жан секілді бүл ғаламда.

Кім жетіпті арманның үшпагына,
Кейде тіпті қанатты құсқа мына
қызығамын.
Тірлігі бейқам түгел
Аңдамайтын досын да, дүшпанын да.

* * *

Екеуміз де құс көнілді серіміз,
Жалғаны жоқ жарым мыскад,
Сеніңіз!

Жан аяспас достар едік,
Бірақ та
Бөлісе алмай қиналдық-ау сені біз.

Ақиқатым айтқан шыннан ақ жанып,
Жанымызда бір қылау жоқ, жап-жарық.
Жаутандадық жауап іздел өзіне,
Бір бүтінді әкете алмай қақ жарып.

Болсаң-дағы қанша қымбат, сыйлы адам,
Бір арнаға екі өзен сыймаған.
Бір біріне жанын қиган достық та,
Бір біріне махаббатын қимаған.

БҮГІН МЕН ДЕ МАҚТАНДЫМ

(Балам Лениндік степендият болғанда)

Білмеймін, өзіме-өзім үйлесем бе,
Мақтанды, мақтануды сүймесем де,
Арнама бүгін міне сыймай кетіп,
Шалқыдым,
Күнде мұндай күй кешем бе.

Қайтемін көп тобырдың таласын мен,
Өмірге бересім көп,
Аласым кем
Әкемін ең алдымен әкем сынды
Өлең емес,
Өмір деп бала сүйген.

Бағымды сан бәйгеге қосқаным бар,
Қосқаным бар,
Елендеп тосқаным бар.
Дегізбесе болғаны өмір маған:
— Тірлік кешіп жүрсін,— деп,— босқа, мұндар!

Балам да сан бәйгеде бағын сынап
Көрсінші,
Қинаң бақсын жаңын шын-ак.
Шаршау менен шалдығу екі басқа,
Сөнбесін қеудесінде жалын-шырақ.

Тұлпардай тер алдырып сәресіден,
Бөтен ой, бөтөн қиял бәрі есінен
Кетсін жырақ, жаңына салмақ салмай,
Озып өтсін бәйгендің мәресінен.

Деп едім,
Туды білем аппақ айым,
Озып келді,
Мен де бір мақтанайын.
Тірлікте одан асқан бақыт кәне,
Әке боп көтерілсе бақ — талайың.

Білмеймін өзіме өзім үйлесем бе,
Деуші едім:
— Мақтануды сүйме сен де!
Бүгін міне мақтандым,
Кешір, балам,
Күнде мұндай ғаламат күй кешем бе!

* * *

Бір күн етті,
Бір күнге ғұмырым да қыскарды.,
Қиялыммен ұшырып арман — аққу құстарды,
Шет-шегі жоқ ойлардың ұшпағына жете алмай,
Мен отырмын,
 Қанша асу асар алда күш қалды?

Бір күн етті,
Бір күнге егде тартып қалдым ба,
Мен білмейтін қашама құпия сыр бар мұнда.
Кешегіден өскенім,
Өшкенім де белгісіз,
Шешілмеген сан жұмбақ түр тағы да алдында.

Шет-шегі жоқ телегей теңіз сыйны ертеңім,
Көңілімнің көп күйін өзім ғана шертемін.
Сол теңізге бет алып тәуекел ғып шыққанда
Мерт етпесе болғаны үміт атты желкенім.

Мәре-сәре күндерім жүрген жандай қайындал
кетіпті етіп,
Мен де оған мән бермеллін байымдал.
Түн үйқымды төрт бөліп енді ойлайтын болыптын,
Орта жолда қайығым қалмаса деп қайырлап.

Көк жүзінде тізіліп, жұбын жазбай ұшқанды
қызық көріп қараушы ем,
 Құзде қайтқан құстарды.
Енді бүгін ойладым —
Жазым етіп бара ма,
Бұлттай ауыр ойлардың жеткізбейді-ау ұшпағы.

УАҚЫТТЫҢ ӨЛШЕМІ — САҒЫНЫШ

Сен кеткелі бүгін міне бір алта,
Жолың тосып шықтым талай қыратқа.
Мың сан адам етіп жатыр жосылып,
Арасында өзің жоқсың бірақта.

Бір-ак алта,
Айтуға оқай секілді,
Барған жолдан қайту да оқай секілді.
Ал, мен үшін күндер жылға бергісіз —
Ойла-ойлар қамалайды не тұрлі.

Күн өтеді,
Ай өтеді...
Себебін
Ойлап ешкім болмайды әуре, сенемін.
Тіршілікте басқаменен ісі жоқ, -
Әркім іздеп табады өз керегін.

Аш берідей қамалайды неге мүн,
Соны мен де іздеуменен келемін.
Уақыт рас табиғаттың бөлшегі,
Ал, мен тапқан оның басты өлшемі —
Сағынышта дер едім!

ШЫДАРМЫН, ШЫДАП КЕЛГЕМ

Бар шығар биігім де, еңісім де,
Жұрт айттар жақсылығым, кем ісім де...
Әйтеуір көзге тұртқы кесел болып,
«Әй, кәпір!» атанғам жоқ ел ішінде.

Құп көріп қай сөзімді мақұлдасып,
Жүреді үлкен-кіші ақылдасып.

Ғажабы —
кей туымым алым кетіп,
жатады кей алымым жақындастып.

Мен оған күйінем де, сүйінем де —
Тағдырдың жол көрсетер би! мен бе?
Ағады әмір-әзен аринасында,
Болғаны — жоралмаса сыйым елге.

Мақтауым бар есіткен, есітпеген,
Жұрт айттар төрде де емен, есікте емен.
Айдана — ел қатарлы өз қайырым,
Шамамның жеткенінше есіп келем.

Мұнартып алға шықсам,
бірде қалып,
Құмартып таңға асықсам,
бірде налып,
жүретін жұмыр басты пәтшагармын,
Төбемнен өтіп жатыр күндер ағып.

Қайтсем де бар болмысым дара менің,
Жоқ ешбір қатар аққан параллелім.
Қай топтың додасына түссем дағы
Ақын деп жақылмастан табады елім.

Сол менің қуат берер куанышым,
Бағымды сынап көрер шың-алымым.
Несі бар,
Елім деген ердің бәрі
Қынга қайыспас боп туары шын.

Қындық па
Сойымнан шұбал берген,
Темірдей тезіне сап сынап көрген.
Шыдармын деп ойлаймын алда дағы,
Бұдан жас кезімде де шыдап келгем!

КҮН ЖАУЫП ТҮР

Күн жауып түр —

Аспанды қара бұлт
Торлаң алған,
Алыстап барады үміт.
Әлдеқандай күй мені мазалайды,
Ет жүректі тырнайды нала — бүлік.

Күн жауып түр —

Көңілім құлазыған
Дала сынды күз түсіп, ғұл азыған.
Өз қағынан жеріген құландаіын
Безіп кеткен қалпын бар,
О, ғаламат,
Күндегі қаракеттің біразынан.

Күн жауып түр —

Жанымса бұлт үйріліп,
Сүмен ағып кеткендей қиқым — үміт.
Орга апарып жықпаса жарап еді —
Дос-дүшпанға көріне құлкі қылып.

Күн жауып түр —

Қара бұлт, қара нөсер
Көңілімді қамалап бара ма шер?
Мүмкін, менің жанымның нала-мұнын
Тасқынымен тазалап ала көшер —
Қаптағайлап агады далада сел.

Күн жауып түр —

Артында бұлты қалым,
Көлөгейлеп көңілдің құлкі-нәрін,
Өре салып өрісін аштырмайды,
Жетер ме екен үзуге, шіркін, әлім!

Күн жауып түр —

Менімен мұндас білем,
Көктемде де Күн күліп түрмас кілең.
Қайда апарып қоямын бір жүректі,
Қай бәйгеге тігемін бір басты мен?!

* * *

Бір басыма жететін бар шаттырым, бар мұым —
Қайшылықтан тұрады әр сағатым, әр күнім.
Жұдырықтай жүрекке соңын бәрін сыйғызып,
Елшідейін күн кешем келістіріп барлырын.

Жосықсыз бір кезім бар —

Басымнан сөз асырмай,
Жүргімде бүрқаған алақайын басылмай,
Ариасына сыймаган езен де бір — мен де бір,
Қынп түсем кімді де жайдың оғы — жасындей.

Күндер бойы соғады ақ боранным ашылмай,
Пенде түгіл, алланың алдында да бас ұрмай.
Дос боп келген адамға дос құшагымды айқарам,
Жан сырымды жалтақсыз жайып салам жасырмай.

Достарым бар ел сынды,

Дүшпаным да жетеді,
Бірі тауғып көтерсе,
Бірі жерғып кетеді,
Таразының тіліндегі бар-жоғымды анықтап,
Өмір бойы арбасып күн кешуде екеуі.

Шүкіршілік оған да,

Қызу күрес әр күнім,
Басқаны емес,
Өзімнің жүргегімнің жарлығын
Орындауға тырысам.

Дос, дүшпанның барлығы —
Жер бетінде есек-сау менің дағы барлығым!

Ерте ме кеш әркім-ақ соңғы күнін күтеді,
Сонда дағы тіршілік неткен ғажап құт еді.
Мен кетсем де, достарым қалады, оны білемін,
Дүшпандарым сол күні өз-өзінен бітеді.

САҒЫНДЫМ

Ол кезде мен де шырын ем,
Бір күнім қызық бірінең.
«Жаныммен сүйген сұлуға,
Сыйласам таудың ғұлінен»
Деген бір ғажап қиялмен
Қияға беттеп шығып ем.

Мұндайды бұрын кім білген,
Алақанында ойнап күн күлген,
Бір ғұлі наэлкі бір ғұлден,
«Сүйіктім қайран қалсын» деп,
Гүлдесте жинап жүрдім мен,
Нұр десте жинап жүрдім мен.

Жалған дей алар кім мұны?
Мен білген сырдың шындығы.—
Осы тұс — жердің кіндігі
Нақ осы тұста барынша
Тоғысқан сынды Күн нұры.

Толқытып көңіл кестесін,
Жібектей самал ескесін.
Жинадым гүлдің дестесін,
Сыйладым нұрдың дестесін.
Қаншама жылдар өтсе де,
Сол бір шақ, әлі естесін.

Ақ сәүле сынды бір сағым,
Естесің әлі гүл шағым.
Жастығын қатты сағынар,
Өткенге мойын бұрса кім!

Тірліктे —
бейне шағыл құм
Шыңдалдым,
Кейде шағылдым.
Қайралып бірде алмастай,
Тасқа да бірде шабылдым.
Бәрі бір сонау өткенді
Гүл терген майса көктемді
Сағындым, достар!
Сағындыч!..

ҚӨГЕРШІН КӨҢІЛ

Қөгершін көңіл үшады бірде, қонады —
Құлдилап төмен, шырқайды қайта жоғары.
Шалғайда —

Шалғын төсінде қалған жастығын
Іздейді тынбай,
Таба алмай жүр-ау соны әлі.

Таба алмай жүр-ау,
Таптырсын қайдан сал дәурен,
Шағала құстай үдере көшіп самғаумен,
Өтеді уақыт, керуен — күндер тізіліп
Айларды айға,
Жылдарды жылға жалғаумен.

Оралып көктем, жалғассын жазға күз мейлі —
Көгершін көңіл үмітін бір сәт үзбейді.
Ғажап-ау мына тірліктің заңы бітпейтін,
Жалындан жүрек жастығын қайта іздейді.

Таусылмас арман —

Алдынан мың сан жол шыгар,
Сол жолда сенің сөрігің бекем — болсын Ари!
Адамды дәйім Өмірге ғашық қылатын
Көгершік көңіл —

Пірің де сенің сол шыгар.

* * *

Қойғандай құрастырып шөмшектерден,
Тұрамын ұсақ-түйек бөлшектерден.
Жақсыны, жаманды да тал бойыма
Табиғат таразылап өлшеп берген.

Алдынан армандардың нұры ашылған —
айта алман жаралғам деп кіл асылдан.
Жетіп-жетпей жататын кездерім бар,
Көбейіп сылдыр сөзім расымнан.

Кес-кестеп кесел дерті — пендешілік,
Оралып аяғыма кейде шылық,
Андамай қалам әйдай ашық қүнде
Ақ жолдан кеткенімді демде шығып.

Жігітті сынға салып көрсек деген

Адамдық —

арымдықты қоңы етпеген.
Мен дагы ар алдында есеп беріп,
Бойдағы ақ, қарамды өлшеп көрем.

Күндерім келешекке асықтырса,
Жақсыға, жақсылыққа ғашық қылса,
Жеткендей тәбем көкке мәз боламын,
Көндігім кемдігімді басып тұрса!

ЖЫР ДА — ГҮЛ

Сағынып кеп ем,
Сағынған сол бір қалпында
Урынып қарға, дауылды күзгі салқынға,
Жаутаңдап тағы кетем-ау, жаным, қия алмай,
Жәудіреп сен де қаласың қимай артында.

Сен мұнда күйіп,
Мен онда от бол жанармын,
Қарармын жолға тауысып нұрын жанардың.
Сағыныш деген сарғайтып сана-сезімді,
Күндерді емес, минуттарды да санармын.

Асығып көліп,
Барамын қайтып асығып —
Шалқыран көніл қалады-ау қайта басылып.
Жанымды тегіс жеткізіп айта алам ба,
Өзгені қойып, өзімнен жүрген жасырып.

Қас қағым сәттей қысқа еді неткен бүл қызық,
Талпынған жүрек бір суып сәтте, бір қызып.
Өзі гүл жанға қызығы болмас гүлдің де —
Жанымнан, жаным, берейін бір шоқ жырды үзіп!

Жауқазын сынды,
Түсінген жанға жыр да гүл,
Өспейді бақта, өспейді тауда, қырда бүл.
Сен үшін ғана кеудемде жүргем аялап,
Сағынған шақта сырымды содан тында кіл!

* * *

Мінезім де, ісім де көзге қанық;
Жетпегендей осында өзге халық,
Мені несін қасына шақырасың —
Алабетен қайтесің сезге қалып.

Айту — парыз!
Құтылдың парызынан,
Жолдастықтың, достықтың қарызынан.
Ер болып көріну де ел көзіне
Әйел түрмәқ, ереккө тәлімі заң.

Өкпем де жок,
Өкпе айтар кімің ем мен,
Мендейлердің алдыңа мыңы келген.
Қайдан жетсін құдіретің көтеруге
Бәр-бәрінің, көңілін құңғренген.

Жетпейді,
Сен де адамсың расында,
Хақың бар алда тағы қыр асуға.
Мен үшін беделіне дақ түсірме,
Құлашың жетпес жерге құлаш ұрма!

* * *

Өмір деген бәз қалпында түрмайды —
Алмасады бір қуаныш, бір қайғы.
Қүндерінді, гүлдерінді үрлайды,
Шапқан аттай, атқан оқтай зырлайды,
Өмір деген бәз қалпында түрмайды.

Алдында не?
Ертең күннен не керек,
Көкірегіне нұр құя ма себелеп,
Мұң мен нала жете ме әлде жебелеп,
Бәрібір де асығасың керемет —
Алғы күннен күтерің не,
Не керек?!

Сүйдің бүгін жан-тәніңмен беріліп,
Бірақ одан үктың неңі, не біліп?

Бір өкініш жатса жанды кеміріп,
Алғы күнге жетелейді сер! — үміт,
Айтшы содан үқтың нені, не біліп?

Шыннан сынап көрсем деген кезі ме,
Кеп жайларды білмесем де сезіне,
Гүл-ғұмырдан қойған жоқбын безіне,
Өмір мені талай салды тезіне,
Өмір мәні талай салды тезіне.

Бәріне де, бәріне де шыдағам,
Қалай ғана мәулемей сына алам.
Аман өтіп таудан, тастан, жырадан...
Сыр алдырмай сүқ көздерге сынаған,
Келем әзір сау-сәламат, дін аман.

Ағаттық жоқ дей алмаймын ісімде,
Жетіп жатыр,
Бірақ бәрі ішімде.
Үқсамайын мінсіз соққан мұсінге,
Күн-күн сайын азаяды күшім де,
Сонын бірін білдірмеуге серт еткем —
Дос-дүшпанға күлкі болмас үшін де!

* * *

Қап-қара жер бір күнде аппақ болды,
Теректерге ұлпа қар қаптап қонды.
Алматыны ғажайып түске бөлеп,
Ақ күміспен табиғат аптаپ болды.

Кеше қандай,
Қарашы қандай бүгін?
Сұлулыққа есінен танбайды кім!
Бәрімізден кеш жатып, ерте ояңған
Ғаламатқа қайран қап, наибайды ұлым.

**Нанбайды ұлым,
Қарайды қайран қалып
Ақ киізін қыс — ана жайғанға алып.
Қуанып жүр,
Көзінде құлқі ойнайды,
Алабұртқан бал жүзі жайрақ қағып.**

**Бала көңілін қай әкे жығар бүгін —
Елден бұрын далага шығарды ұлым.
Ақ ұлпаға сонда да іс сала алмай,
Түрдым жеңіп ақ түске құмарлығым.**

**Ақ түс — менің қашан да киелімдей,
Кімді сүйем ақ түсті сүйерімдей.
О, табиғат айрымды-шапағатты
Ақ түске деген ұлы махаббатты
Кеудеме әкеп армансыз құй ерінбей!**

АҚ НҰРҒА БӨЛЕП...

**Айтарға тіл жоқ —
Кермарал керім, ақ мандай
Өзінмен келер қуаныш қандай,
Бақ қандай!
Арайлы жүзің көрінген сэтте күлімдеп,
Боламын нұрлы таң күліп келе жатқандай.**

**Шұу асау едім басылмай келген аptyғым,
Өзінді көріп жуасып қалдым нақ бүгін.
Қандай бір жанның қонарсың құс бол қолына,
Шырқатып бағын,
Молайтып кімнің шаттығын?**

**Сен тұрсан,
Дәйім шығардай күліп бақ күнім,**

Тебірентіп жанды,
Толқытып бара жатты үнің.
Кеудесін кімнің ақ нұрга мәңгі шомдырып,
Жайқалып тұрар екенсің қайда, ақ гүлім!

Гүл болып қана,
Құн болып қана көрінген,
Жыр болып жана,
Нұр болып және төгілген,
Басқа бақ-дәulet тілемес едім өмірден,
Көмескі тартып қалмасан болды көнілден,
Аумасан болды мәңгілік менің көгімнен!

Көңіл де қапа көрінбей қалса күн егер,
Қуаныш қана жаныма майса гүл егер.
Өзің бар кезде аспаным да ашық, аяулым,
Бақ гүлім болып,
Шаттығым болып жүре бер!

ТУС КӨРІП...

Шағылып күнге жарқ-жұрқ еткендей қанатым,
Қағамын жылдам, таусылып төзім-тағатым.
Үмітті дәйім көңілге қуат еттім де,
Үмыттым бәрін кезде де қанат талатын,
Таусылып төзім — тағатым.

Аңсадық, жаным,

Айту да қын мұндайды,
Жүректі жүрек үнсіз тұрып-ақ тыңдайды.
Созады қолын біріне бірі сезімдер,
Салыныш келіп құяды жаңға мұң-қайғы,
Айту да қын,
Айтпау да қын мұндайды.

Алатаямыңың таласып ала тақымен,
Тұс көріп түрдым,
Тұс көріп түрдым тарғы мен.
Жанынды үғып ақынның аптақ жанымен,
Кезікпей келген бақыттым-ау деп танып ем,
Кезігу деген ең мен түстей-ақ сәт пе еді —
— Хош! — деудің қын болып тұрганы-ай бәрінен.

Өнбойда діріл,
Бір суып, тағы бір ысып,
Байлаулы тілдер жанаңдан ғана үғысып,
Үи қаттай —
Және тыңдатпай оны ешкімге,
Кетер ме екенбіз жарасып, жарқын құлісіп?

ҚАНДАЙ ҒАНА ҚҰДІРЕТ

Қандай ғана құдірет сезім деген,
Өзге түгіл, езіңе сезілмеген.
Көніліме күй болып қайта оралдын,
Тіршіліктен баз кешкен кезімде мен.

Бұл күйінді басқалар байқамасын,
Ажыл-сезім —
Кердің бе тайталасын!
Отқа түсер көзсізбін көбелектей —
Он сегізге келгендей қайта жасым.

**Балалыры — бал күйі арылмаған,
Балғын сезім сыйлады бәрін маган.
Он сегізім ерімдей қайта оралды,
Қайта оралды жастығым жалындаған.**

Менің күйім —

**Оны ешкім түсінбейді,
Ұлken түгіл, көзіне кіші ілмейді.
Махаббаттың жалауын бір тіккен жан
Қайтып оны өлсе де түсірмейді.**

Түсірмейді —

**Көреді ар туындаі,
Жан теңгермей, қарашы, шалқымды-ай!
Махаббат па?**

**Махаббат табиғаттың
Таңдал қана сыйлайтын тартуындаі.**

**Керек емес байлығың үйіп-төксен,
Мерейімді жетеді-ау биіктесен.
Жанған отым бойында қайта сөнбей,
Он сегіз бол, ризамын, күйіп кетсем,
Он сегіз бол, ризамын, күйіп кетсем!**

ҚАРА МЕНИҢ ҚӨЗІММЕН

**Күнде сенен хат күттім,
Елеңдедім...
Жан күйімді түсінсек егер менің,
Хат қана емес, жеткізер саулығынды
Құс бол ұшып өзің де келер ме едің.**

**Дауыл соқса,
Текіз де шайқалады,
Жәнім қалай өзіңсіз жәй табады.**

Ұмытам ба деп едім,
Ұмыттырмай,
Ескен жел есімінді қайталады.

Қайталады сыйырлап тал, құрагы,
Қайталады сылдырап бал бұлагы.
Көзден емес,
Көнілден құйылғандай
Басылмайды көктемнің жаңбыры әлі.

Жатыр қаша тірліктің сыры мұнда,
Жетер болса зердеміз шын ұғуға.
Мен білетін сұлулық керкінде емес,
Түргандай ерке назды қылышында.

Сезім бір дерпт,
Шыдамас қара нар да,
Жанға түссе көнесік,
Шара бар ма?..
Бәрін соның ұғасың, ұғар болсан,
Менің кеңіл көзіммен қараганда.

* * *

Өне бойым ерт болып лаулағаны-ай,
Кетсем бе екем самалдан тауға қарай.
Жанған отын жанымның басатындай
Бір жаңбырдың дүркіреп жаумаганы-ай.

Таң тауығы аулақта шақырады,
Сыбдыrlайды сезімнің жапырағы.
Менің күйім басқаны күйдірмейді,
Тәтті үйқыға шомылып жатыр әлі.

Елегзиді көнілім,
тыншымайды,
Сезім — саусақ жүректі шымшылайды.

Тәнінді емес,
Жаңыңды жандыратын
Мынау өрткө, құдай-ау, кім шыдайды?

Кара жердің бір күнде қар болғаны-ай,
Кең дүниенің күшінп, тар болғаны-ай.
Ұзақ танды атырып ой қуумен
Бұл пендептің жаутаңдаң, зар болғаны-ай.

Қар көрмедин Қақпаның күртігіндей,
Таң көрмедин дәл осы бір түнімдей.
Ел үйқыда,
Мен ояу елегізіп...
Шықтым таңға дөнбекшіп, кірпік Ілмей.

Болып қалдым өзіңе гаріп ғашық,
Қетер ме адам көрмесе салқындастып.
Қол жетпеске талпынған күйім мынау,
Өлеңменен отырмын мауқым басып.

«Бұл несі» деп шынымен сөгермісін,
Бықсық шалып,
Тұтіндең сөнөр ме Ішім?
Не десен де еркінде —
Саған қарай
Сағынышпен ұшырдым өлең құсын.

Кор қылсаң да,
Қолында зор қылсаң да...
Адастырып әйтеуір көмдің шаңға.
Алыстагы арманың шырарысын —
Жетсем-ау деп келемің сол бір шамға

Өне бойым алау өрт,
лаулаганы-ай,
Сәл де болса бір жаңбыр жаумаганы-ай.

Шақыра ма қияға қыран жетпес,
Өзің болып қол бұлғап таудары арай.

ТҮСІНСЕҢ БОЛДЫ, АППАГЫМ

Біреуге жактыйм,
Біреуге мүлде жақпадым,
Дос түгіл, тіптен тілеген жоқпын жатқа мүн.
Талайдық көрдім айнала беріп сатқанын,
Мен бірақ бірін сатпадым.
Басқа жұрт білсін,
Білмесін, маган бәрібір —
Тек өзің біліп,
Түсінсөң болды, аппагым.

Түсінсөң болды,
Басқаны тіптен тілемен,
Жайсан жандарға жақсылық қана тілегем.
Қолымнаң келсе,
Шуақ боп келем кімге де,
Жолына майса гүл егем.

Алдаған емен,
Алдамаспрын да пәндені,
Алдау мен арбау қолымнан менің келмеді,
Онсыз да пәле кем бе еді?
Қабағын шытып,
Қапа боп қалса біреулер —
Сыздады жүрек,
Жанымға маза бермеді.
Түсінер біреу,
Түсінбес бәлкім —
Бәрібір,
Түсінсөң болды сен мені.

Мақтасам ерді,
Тассын деп нұры мақтадым,
Қалдырып көкілін,
Біреуді бетке қақпадым.
«Киянат қылма тірлікте тірі пендеге»—
Дейтүғын әкем,

Жадымда мәңгі сақтадым.
Жақсылық жасап досымның дүшпандарына,
Кей-кейде содан жақпадым,
Түсінер оны,
Түсінбес, бәлкім, біреулер,
Сен өзің ұғып,
Түсінсек болды, аппагым!

ТАҒДЫРЫМА РИЗАМЫН

Бәрін білем,
Бәріне түсінем де..
Ештеңені үқпайын кісі мен бе?
Сенсіз қалған кездерде пәс отырам
Еңжар қалып, еңсемді түсірем де.

Өзің болып ататын таң нұрым да,
Кеудем шелін басатын жаңбырым да,
Бәрі тоқтап қалатын тәрізденіп,
Жалбарынам тәңіріме, тағдырыма...

Жаның сенің жарқың ба,
Жарадар ма —
Айта алмайсың ашылып бар адамға.
Түсінбейсің бәрібір жайшылықта,
Түсінесің тек мен боп қарағанда.

Махаббатты «бар» дейді,
«жоқ» дейді де,

Нұрсыз, сусыз бәйшешек көктейді ме?
Өз басынан кешпеген түсінбейді,
Ал, мендей күй кешкен жан сөкпейді де.

Бәлкім сұлу емессің,
қарапайым,
Қай сырымды басқаға таратаймы.
Бір-ақ мысқал езгеріп кетер болсан,
Жоғалардай бәрі де жазатайым.

Осы қалпын,
Дәл осың күйіңменен
Шыр кәбелек көзлімді үйірген ең.
Артық емес,
Кем де емес, келістіріп
Табиғаттың сыйлаған сыйын көрем.

Осы жаста сан қырды кезілпін мен,
Жақсыны да,
Жаманды сезіп, білгем.
Алмағайып арманда кетер ме едім,
Өтпесін деп жылдарым бекер мениң
Тағдырыма ризамын — езіңменен
Көз ілмеген кезімде кезіктірген.

БҰЛҒАЙДЫ ҚОЛЫН

Сағындым сонау жылдарды,
Сағындым жыра, жылғамды...
Сол жерде қалған балалық
Кел дей ме,
Қолын бұлғайды.

Бұлғайды қолын қайтадан,
Үнсізбін,
Не деп айта алам,

**Барар ем,
Откен жылдарды
Қалайша кейін қайтарам.**

**Аймалап жасыл жағаны
Құлдырап бұлақ агады.
Көрмесем дағы түр-түсін,
Тыңдаши барып күлкісін,
Секілді қайтқан жыл құсым
Жастығым кетіп барады.**

**Сағындым, иә, сағындым,
Кердің бе мына сары үлдің
Басқандай менің орнымды
Нұрымен ойнап шағылдың,
Жүргенін еркін еркелеп,
Кеттім-ау сірә ертерек,
Дер едім:
— Мені ерте кет,
Бәрі бір оған не шара,
Жеткізөр ме ёнді сағым күн —
Елесі балғын шағымның.**

КҮТУ

**Мен күтемін,
Сен де мені күтесін,
Шыдамның да шығардық-ау —
Түте-түте-түтесін..
Күтудің де шегі болу керек қой,
Беу, қай күні бітесін?!**

**Ақырын күт,
Ақырын күт,
Ақырын!..**

Деумен-дағы шығардық кек тақырын.
Күтудің де шегі болу керек қой,
Күтемін деп бітпесе екен пакырын.

Бітпесе екен,
Кетпесе екен үзіліп,
Күту қандай ауыр еді сызылып,
Тұрып алды көкірегімде тізіліп,
Екей ара майдандасып жатқандай
Жұз күдік пен жұз үміт.

Күдік,
Үміт!..
Алма-кезек жығысып,
Қысқа күнде жұз суынды,
Жұз ысып.
Тұлпар-уақыт тоқтамайды тағат қып,
Тәбемізден көктем ұшып,
Күз ұшып...

Кетіп жатыр,
Жетіп жатыр муратқа,
Қияндарға — үні жетпес құлаққа.
Күткен сайын барады асып жыраққа,
Бел-белескө, адыр-адыр қыратқа,
Құту деген айналмаса жарады-ау,
Қолға түрмас сусылдаған сынапқа.

ЕРКЕ ЕЛІГІМ

Япырай, сенейін бе, сенбейін бе —
Мен алғарақ кетіппін,
Сен кейінде...
Кім бледі, назаң ба,
Жазаң ба элде —
Келейін бе айналып, келмейін бе?

Кешіп келем көкмайса шалғынды мен,
Балбыраған балқұрақ — балғын кілем.
Ілеңтірмей кетуші ең ерке еліктей,
Еркелігің үстап сол қалдың білем.

Қалдың білем үстап сол еркелігін,
Сенсіз менің жаңынды шертеді мұн.
Жақсылыққа жориын қылышынды,
Адастырып кетпе тек, ерке елігім.

Жақсылыққа жориын ылайымда,
Ақым жоқ,
Хақым да жоқ мұңаюға.
Сенсіз қалсам көңілім құңғірт тартып,
Бірге батып кетердей Құн, Айым да!

Болмасам да Мәжнүні ертеғінің,
Мен де таудың тағы өскен тентегімін.
Құздан құлап қапыда мерт болармын —
Кез жаздырып кетпе сен, ерке елігім!

* * *

Мен сонда нешеде едім,
Білесің бе?
Немене, бұл несі деп күлесің бе?
Тірліктің әрбір күні,
Әр сағаты
Бола бермес адамның кіл есінде,
Сонда-дагы өзіңмен алғаш рет,
Бал көңіл балалықтың жалғасы деп
Қезіккенім қалтқысыз жүр есімде.

Сен он үште ең,
Мен бір жас үлкен едім,
Сыр бүгіп, ойымды ішке іркер едім.

**Сол күні өзің келдің «кітап Іздеп»,
Жәй кезде тағы еліктей үрек едің.**

**Отырып бірге оқыдық «Құралайды»,
Сезімді алай-дүлей күм орайды.**

— Махаббат, ол не? — дедің,

Кайдан білем?

«Агадан» ондай сурак сурамайды.

Махаббат — «Сую» дедің,

Кайталап мен де айттым:

— Сюю! — дедім.

Белгісіз сүйінгенім,

Күйінгенім.

Сонда да алғаш рет өз өзіме

Белгісіз болып калды күйім менің.

**Япрай, отырдың ба сынақ алып,
Мен саған көрсөттім бе шын ағалық.
Махаббатты басқага бағыштадын,
Білмегендей езімнен сұрап алып.**

AK TYCJH-AY

Беу, менің бақ- құсым-ау,
Керек кейде бәйгеде бақты сынау.
Кішкентайдан ақ түске құмар едім,
Менің есімді алған сол ақ түсін-ау!

Аппак түсін —

Ак кардай жака жауған.

Көрінеді аргы бет жағалаудан.

Жүэіп етсем дарылдан кайтер екем.

Күс-көніл тұрар емес саған ауған.

**Көкірегім мұң мен шер толып тұрған,
Кетсем бе екем жолына болып курбан?**

**Дарияның екі беті секілдіміз,
Бізді қалай құдайым жолықтырған?**

**Жүзіп көрем,
Бар еken қанша күшім,
Күтіп көрем тағдырың таңсәрісін.
Дарияның екі бетін алыс қылып,
Аласапыран сезіммен алыстырып,
Жаратқан ба бізді әлде аңсау үшін.**

**Беу, менің бақ құсым-ау,
Әрі жақын,
Әрі алыс жат құсым-ау,
Бәрібір де керек бір бақты сынау.
Кішкентайдан ақ түске құмар едім,
Іңкәр қылған мені сол ақ түсін-ау,
Ғашық болып көрмеген қайдан білсін,
Бал шырындай тәттісің, тәттісің-ау,**

ЖУДЕДІҢ ГОЙ

**Жаным-ау, гүл едің гой,
Мен сені қаршадайдан білемін гой.
Алаңсыз Айға қолын созып жүрген
Анқылдақ көп құрбымның бірі едің гой!**

**Бір үйдің жел тигізбес еркесі едің
Түсінбедім,
Қалайша ерте есейдің?
Ертерек шешек атқан қызғалдақтай
Ерте гүлдеп,
Нақ солай ерте семдің.**

**Білмедім,
Біле алмадым не сыр барын,**

Кетті ме шал байлығы есінді алым?
Басқалардай құрбысын сүйетүғын
Ғашық болсаң,
Үқпадым, кешір, жаным.

Ойға келді,
Тура айттым, таяйын ба?
Басқа арнаға көнілімді саяйын ба?
Қиналарсың,
Сен езінді аямасаң —
Мен сені аяйын ба?!

Жауқазын гүл едің-гой,
Аңқылдаған құрбының бірі едің гой.
Өзіңменен тел өскен құрдасынды
Сүйетінсің!
Мен оны білемін гой.
Жасырасың —
Ішінде білеу жара
Айтпасан да түсінем —
Жүдедің гой!

МАХАББАТ — ГҮЛ ЕМЕС

Бұл қалай,
Танымай түрмисың?
Қадалып қарайсың несіне...
Бір кезде жан сезін тыңдамай
Кеткенің түспей ме есіңе?
Онда сей адамның,
Үцілмей ішіне —
Кез салдың жігіттің өңіне, түсіне.

Аузында есімің,
Бөлмеде бір езі сенделіп

Откізді ол неше күн, неше тұн?
Бекітіп терезе-есірін,
Жел қуған қаңбақтай көшетін
Сені енді ол, сұлу қыз,
Сүймесе несі мін?!

Біледі ол көріктің опадай онғышын,
Сен құспал қумайды «ондысын».
Үк, құрбым!
Махаббат — гүл емес,
Күз түсе қуарып өлеңтін.
Ал, жүрек — құл емес
Корлауға көнетін.

БҰРЫМ

Бұрымың қайда?
Жаным-ау, қайда бұрымың?
Бұрым ғой сенің ұлтыңа біткен бір үгым.
Бұрымың кесіп, осынша неге құрыдың,
Мода ма саған құнтитып салған құрығын...
Бұрымың қайда, бұрымың?

Бұрымың әсем жібектей еді созғанда-ақ,
Еркінді билеп алатұғын-ды көзді арбал.
Бұрыммен бірге кеткендей үшып сәнің де,
Басыңдан бейне озған бақ.

Сұлулық сырын ұға да білген қазагым
Мойымай келіп тартса да тағдыр азабын,
Бұрымын кесіп алғандаған құрт түскен,
Бәрінен ауыр түрі деп осы жазаның.

Бұрымың қайда?
Жаным-ау, қайда бұрымың?

Оңғаны кәне бұрымсыз қыздың сұрының?
Бекер-ақ болған, бекер-ақ болған кескенің,
Бұрым гой сенің ұлтыңа біткен бір үғым.

ҚІНА АРТПА, ШЫРАҚ, МАҒАН

Айтпай-ақ қой назынды, шырақ, марам
Жастық дейтін жағадан жырактагам.
Бәйтеректі қайтесің —

Көктем сайын
Бұтақ жайып, көгеріп гүл атпаған.

Өртеніп те, жанып та көрген ем мен,
Киял жетпес қияға өрлеген де ем.
От сезімді сабырлы ақыл женді,
Салқын тартып барамын шөлдегенмен.

Бәрі қалған,
Бүгінде бәрі қалған,
Айта ма адам бұл сөзді жарығаннан.
Кез алдында тынымсыз тербеледі,
Алтын зерен секілді сағым-арман.

Сағым-арман тербелер кез алдында,
Ғайып болар,
Бір кезде озар бұл да.
Айға шауып мерт болған арыстандай
Қол жетпеске қолымды созармын ба?

Қайдам, қайдам?..
Ол күндер келсін қайдан,
Махаббат па?
Махаббат — дерсің майдан.
Бұра тартып,
Кететін бұзып-жарып
Қалып қалған жандармыз теріс ыңғайдан.

Түсін өзің,
Кіна артпа, шырак, маган
Өр едім от сезімді жылатпаған,
Кеңіктік-ау кезіме тұрақтаған.
Енді айналып жақындау мүмкін емес
Жағалауға бір кездे жырақтаған,
Түсін өзің,
Кіна артпа, шырак, маган!

古 古 古

**Жырды сүйген,
Нұрды сүйген жаңынан,
Жаралдық ба алаулаган жалыннан.
Отты айналған көбелектей айналып,
Кешір, қалка, кете алмасам жаңынан.**

Хауілпсінбей құлама құз, жарды да,
Қайта айналып келе берем алдына.
Бәрін, бәрін ұмыттырып дүниенің,
Ерке сезім еркінді үрлап алды ма?

Күлер біреу,
Бәлкім бірі түсінер,
Тұлемесе, ұшыра ма құсын ер.
Саяткермін-лашынымды ақкуға
Құлдилатып көкжиектен түсіреп.
Түсінсе, оны түсінер —
Мен секілді сүйген,
Қүйген кісілер!

Саған ғана кішіремін,
Кішірсем...
Түсінбесе күллі ғалам,
Түсін сен!
Айна келдің айдынында таранып,
Жаркылынмен жанды арбаган құсым сен!

Махаббатты көзсіз десе, сенбеп ем,
Баурап алдың жүрегімді сен немен?
Бағытқанан, бағдарынан айрылып,
Ағып келе жатқандаймын селменен.

Ұғар болсаң махаббаттың борышын,
Құтқарып қал,
Соз бір сәтке қол ұшын.
Білем, білем,
Айналамыз — толы сын,
Құлыш болып өтем, қалқа сол ұшін,
Сол ұшін!

* * *

Өзімді өзім ұға алмай,
Беймаза бір күй кештім бе?
Шетіне ойдың шыға алмай,
Айта алмай және ешкімге.

Тербейді бір күй жанымды,
Сені де ол бәлкім тербейді.
Кеудемде жанған жалынды
Ешкімге қиғым келмейді.

Ешкімге қиғым келмейді,
Сөзіме менің күй сенбе.
Жанымда маза бермейді,
Бақұлмын жанып, күйсем де!

Қыста да, жазда маздаған —
Махаббат оты мәңгілік.
Азабын тартқан аз ба адам,
Отына жанын жандырып.

Секілді бәрі аз әлі,
Еркіңмен барып азальца,

Аласың қалап жазаны
Бергісіз басқа ләззатқа.

Жай-күйім осы, жан құрбым,
Еркінде, сенбе, сен мейлі.
«Бар сыйын» осы тағдырдың
Басқаға қиғым келмейді.

* * *

Тәтті үйқының құшағында,
Тұн көрпесін жамылып
Жатырсың сен,
Құса-мұңға
Мен отырмын малынып.

Сәл ғана бір езу тартып,
Күлкі үйріліп жүзіне,
Көңіл балқып,
Сезім шалқып..
Қарайтындаі үзіле,

Көрінесің, қайдам, жаңым —
Киял шығар тәтті бір.
Өзіңменен сайран жазым,
Өзіңменен шат ғұмыр.

Тіршіліктің несі қызық,
Өтер болсақ сұысып.
Бар ғұмырды кесіп, үзіп
Бал ерінінен у ішіп,

Кетем мәңгі оралмасқа,
Жүректерге мұң артып.
Бар ма амалым одан басқа
Шарқ ұрадай құмартып.

**Бір жағым — су,
Бір жағым — от,
Қыл көпірі тамұқтың.
Өн бойымды кіл жалын өрт
Кеулең алды,
Жаңа үктым!**

**Кетермісің тез ұмытып,
Сенсіз ғұмыр жоқ маған.
Тас бұлақтай көзі бітіп
Орта жолда тоқтаған.**

Тіршіліктеге нелер сын көп,
Күш-куатым жете ме?
Желеушім боп, жебеушім боп
Өзін алға жетеле!

БЕКЕР ЕКЕН

Әдәі шыдал көрдім —
Бірер күндей қасынан жырақ кетіп,
Өзіңмен кезікпеуге шын-ақ бекіп.
Бірақта жазық жерде әзер жүрдім,
Күйрердей шың басынан құлап кетіп.

Әдейі сынап көрдім —
Сынап көрдім темірдей төзімімді,
Осал екен ол-дағы,
Тез үзілді.
Жылт еткен жарық сәуле сен бе екен деп
Тұнғызың қараңғыға көз үңілді.

Кім біліпті сезімнің сый-багасын,
Кер маралдай кербезім,

**Шаққан мұым жаныма сыймағасын.
Ішкі дерпті былайғы ел елемейді,
Не демейді —
Тек веңін киналасын.**

**Не болады сезімді қинағанмен,
Бастаң кешпей,
Басқа айтса иланар ма ем?
Кеп ішінен көзілім сен! Іздеді
Кезікsem де каншама сыйлы адаммен.**

Бар үққаным —
Сен жұрген жер Жерүйық, мекеге тен,
Өзің болсан,
Бәрі де жетеді екен.
Сенен жырақ күн кешсем,
Умытам деп
Ойлағаным, әшейін бекер екен.

НЕ СЫИЛАЙЫН

Алдың-ау қылығыңмен есімді, айым,
Кем соқсам,
Артық кетсем, кешір дәйім.
Кез жауын көрген жанның алатындаі
Мен сағаң, куралайым, не сыйлайың?

Күн иұрын,
Ай сәулесін сыйласам ба?
Білемін,
«Қымбат,— дерсің,— сый қашанда!»
Бар тірлік — қызығымды саған беріп
қойсам ба екем,

**Толқынын толықсыған сан арнаңың
Саралап, санаң жатыр санам бәрін.
Кеудемнің күйге тұнған қазынасын
Біржола берсем бе екем саған, жаңым!**

**Айтшы өзің,
Сыйға менен не тілер ең?
Барымды ал,
Оған мұқап шетінемен.
Құлар деп қорқамысың әлде мені
Жүргендे құз-кияның шетіменен.**

**Кеудеме нұрын сепкен Құн — қәбелек,
Көктемде көңілдер де гүлдер ерек.
Сүйген жүрек назы ғой,**
Ол болмаса...
Менің күрбан-ғұмырым кімге керек?!

Артық кетсем,
Кем соқсам, кешір дәйім,
Өзің айтшы,
Мен саған не сыйлайын?

АҚЫЛДЫМ-АУ

Ақылдым-ау!
Қара басым неге де бақұл мынау.
Алабұлік сезімді арпалысқан
Махаббат деп абайсыз шатылдым-ау.

Қара, күнім!
Іздемесе керегін табады кім?
Айыра алмай жүріппін мыс пен жезден
Назыз сары алтынның ара жігін.

Ұяттағы,
Құлазыған көнілден күй атпады.
Шаңқай түсте адасып жүрген біреу
Мен болып көрінетін сияқты әне!

Түсінбедім,
Қанша жерге жетеді күшім менің.
Бар келгені қолымнан —
Махаббаттың
Бейнесін оймен сомдал мүсіндедім.

Мүсіндедім,
Кей-кейде өзіме өзім түсінбедім.
Бақыт болып басыма қона беріп,
Қайта ұшып кетердей құсым менің.

Тезім деген —
Ғажап еken таңдарда көз Ілмеген.
Күтудемін сол құсым келе мә деп
Бір кезде кеткен ұшып өзіңменен.

Ақылдым-ау!
Қара басым беріне бақұлмын-ау.
Сағыныштың саздарын үқсаң еken
Жалғыз сәті жылдарға татыр мынау!

ҒАШЫҚ БОЛУ — КҮНӘ ЕМЕС

Сен биікте,
Мен сәл-сәл аласалау,
«Аласалау тұрып бір қарасам-ау»
Деуші едім,

**Қолың жетпес шың-асуды
Ғажап қой алыс тұрып тамашалау!**

Қиян асу, биік ең көңілімде,
Зандылықтай үққанмын оны мұлде.
Сен болмасаң, бір нәрсе жетпейтіндей
Болады да тұрады өмірімде.

Фашық болу —

Бағы әлде соры адамның?..
Жеткізе алмай ойымды соған әр күн,
Сан қиялдың кетемін жетегінде,
Сен менің жүргегімді жаулап алдың.

Жанаң тауы жаңымның атылар да,
Құл-талқан боп бұзылар ақыл-арна.
Мен тасысам телегей теңіздеймін,
Әкетермін ағызып,

қалы қалма.

Өмір деген бұрылыш-бұраланда
Қолың жете бермейді сұрағанға.
Әділ деген табигат біреулерге
Үйіп-төгіп бір берсе, бәрін беріп,
Тұқ те бермей қояды бір адамға.

Табигаттың ерекше бір сыйы едің,
Табатында жаңымның сыршыл емін.
Өмірге келгенің не,
кеткенің не —
Өзің сынды болмаса шын сүйерің.

Бітпейді әуен,
Жетердей бар ғұмырға,
Әнмен тербел оятсаң таң нұрын да.

Қандай бақыт?!

Ал менің сол бақытым —
Мына сенің өмірде барлығың да!

Сынбас жерде сыр беріп сына бермей,
Сүйсек рас,

Сүйсек гой мына мендей.
Аңсатып-ақ қоясың,
Атқан таңдай
Қарсы алдыннан ақ нұр боп шыға келмей.

Армандаған шыңдағы шынарым сен,
Шын бақыт,
Шын байлыгым,
Шын арым сен!
Күнә болса, сүйе алмау — күнә шығар,
Ғашық болу — күнә емес, үға білсен!

* * *

Білдің, білдің сол жерден өтерімді,
Сүйдім іштей беріліп от ерінді.
Менің лебім лебіңе қосылды да,
Бәлкім, содан қызының көтерілді.

Көтерілсін қызының, көтерілсін,
Лапылдаған сезімнен от өрілсін.
Дүниеде егерде сен болмасан,
Ғашықтық не?

Біле алмай өтерім үшін.

Пенделікпен жоқ-барға алданбай-ақ,
Жану керек жанған соң жанғандай-ақ.
Қайда апарып қоямыз қу жүректі,
Ғашық болу дертінен қалғанда аяп?!

Дүниенің жаунарын, жаһұтын да,
Хан-патшаның тәжін де, тақтын да
Іздемедім өмірден,

Сенсің жаным,—
Менің барлық байлығым, бақытам да!

Өтіп күндер,
Жылдар да кетіп жатыр,
Қайырылмасқа шетінен кетіп жатыр.
Басқа адамдар іздесе, іздер бәрін,
Маган сені сүйгенім жетіп жатыр,
Маган сенің сүйгенің жетіп жатыр!

СЕН, ЖАНЫМ

Сен, сен, жаным,
Амалым не, сенбесен,
Түн үйқымды төрт бөлемін сен десем.
Тірлігіме түсіне алмай мен жүрмін,
Бір дауасын өзің тауып бермесен.

Барады етіп аққан селдей уақытам,
Сенен басқа дүниенің жаһұтын
іздемедім,

Іздегенім өзің ең —
Колыма кеп қонармысың, бақытам?

Күз келді ме?

Күннің дағы қабагы
түсіп кеткен, тұнжырай бір қарады.
Көңілімнің кек жүзінен бұлыңғыр
құстар қайтып, мұқлыш бір ән салады.

Қыспен бірге жер бетінен солады әр,
Көктем келер,

Құстарым да оралар.

**Жүргімнің айдынына аққу боп
Махаббатым қашан, қашан қона алар?**

Аялаған ай нұрындай үкім бе ең,
Үқ сирымды жүректегі лұпілден.
Ақ сағымның арасынан өзінді
Келем, жаным, өмір бойы күтүмен.

Еліктіріп, еркімді алған гүл — әлем —
Көкірегімнің күмбірлеген бір әні ең.
Өзім айтып,
Өзім тыңдал сол әнді,
Мына өмірмен қоштасармын, сірә, мен,

Сері көңіл ойлатпаған ертеңін,
Бұл жалғанда еркін едім,
Ерке едім.

Соның бәрін,
Бәрін... бердім өзіне,
Мың бір тұндей таусылмайтын ертегім!

Ойнамастан,
Ойламастан,
Күлместен..
Әр сағатын санауменен күн кешкен,
Пендең болдым.
Алаңсыз боп өтер ме ем —
Жүрсем сені дүниеде білмestен.

Несін көрдім,
Не үшін көрдім сені мен —
Бір бақытқа жетем гой деп сеніп ем.
Қиян кескі күрестіріп қойды өмір
Махаббаттың айықпас мұң-шерімен.

* * *

Кимасаң оттай ыстық құшағының.
Қайтемін айыр, касық, пышағының...
Қайырыз махаббаттың белгісіндегі
Көңілімді көрген сайын құса қылды.

Шарпылды отқа тиіп жыр — қанатым,
Терімнің сылып түсті бір қабатын.
Күй қешіп әрі-сәрі өртепумен.
Болармын бір құндерде жынданатын.

Өзіңмен өтсе деуші ем бірге өмірім,
Дәл қазір қажет болсын кімге мұным.
Қар жауып шілде айында үсік шалды,
Арманды аялаған гүл-көңілім.

Алмасып бір күн шаттық, бір күн қайғы —
Сағаттай тық-тық соққан бір тынбайды.
Сағынып саган жазған жырларымды
Сарғайып енді өзіндей кім тындаиды?

Сау адам сырқат жайын шын үғар ма,
Қалды ізім жалаңақ шыны қарда.
Жүргегінің қанымен жазған жырдық
Окушысы болмаса, құны бар ма?

* * *

Сен мені бүгін көрмедин,
Бекіндік, бәлкім, көрмеуге.
Намыстан аз-ақ өлмедім,
Басылып қалды өр кеуде.

Жылдардан ұзақ секілді
Аз-ақ күн өткен арада.

Көңілімнен ауып екінді,
Қамалдым мұқ мен налаға.

Қараңғы түнде жолымды
Көрсеткен нұрлы шырақ ен.
Аңсаумен мәңгі со күнді
Өтер ме екем сірә мен?

Көңіліңе қаяу түсіріп,
Болды ма кезім налытқан?
Шошынып әлде құс-ұміт
Кетті ме ұшып жарықтан?

Жабығып жаным жазықсыз,
Жеткізе алмай сөзімді.
Байланған аттай қазықсыз
Айнала берем өзінді.

Келемін желдің өтінде
Бәрін де, бәрін кешіріп.
Мен жоқта ертең өкінбе,
Сүйетінінді кеш ұғып.

* * *

Тұра тұр!
Жүрем дедің қай қалаға,
Басымнан үршық — дәурен айнала ма?
Сол жолға өзіңменен бірге әкетпей,
Қалдырып кетпекпісің айдалага.

Білесің сенсіз маған күн өтпесін,
Сөкпе тек, айтады деп кіл өкпесін.
Тағдырдың Қарабайдай қасарысқан
Білесің жүрегіме гүл екпесін.

Ақкудай айдын келде жарапланған,
Айрылған сыңарынан, дара қалған
мұңайдым — уақыт заулап агады алдан,
Сенімен ұшып бірге кетсем бе деп,
Қауырсын қанаттарын қағады арман.

Назымды кімге айтамын, кімге налып,
Тұра тұр, бір қайтайык, бірге барып.
Откеннің оралмасын шығарма естен,
Онсыз да кетіп жатыр күндер ағып.

* * *

Сен менің — сыр қайнарым, жыр қайнарым,
Сен болып еседі жел, жырлайды ағын.
Сен болып нұрланады аппақ әлем,
Сен болып шалқиды әр кез, тынбайды әнім.
Самалдап қайтсын дей ме күн қызғанда,
Сен болып шақырады шың-құздар да.
Көңілім құлазыған кей сәттерде
Сен болып сергітеді жұлдыздар да.
Сен барда төрт құбылам түгел менің,
Сен барда еңісім жоқ, кіл·өрледім.
Дүниені өзгертіп жіберетін
Махаббаттың құдыретін білер ме едін.
Аспан, Жер, Тау, Даңия... бәрі сенсің,
Тірліктің сәні сенсің, нәрі сенсің.
Өзегі өмірімнің өлтірмейтін
Өзені, қайнар көзі... тағы сенсің!
Қайнардан бастау алып су ағарын
Білесің, бара-бара туады ағын.
Қасиетті сол қайнарым сенсің, жаным,
Қайнар бітсе, мен дағы суаламын.
Сенсің менің шұрайлы шуағым да,
Бар тілегім — көңілімді шұба қылма.
Мөлдір сезім — көңілдің балапаны,
Сен толғат мен өлең боп туарымда.

М А З М У Н Ы

Бірінші белім:

Тұған далам — байтағым	4
Ана пейілі	5
О, менің қасиеттім	6
Сен — менің қорғаушымсың	7
Бәрін, бәрін сағынам	10
Боз далам-ау	11
Октябрь	12
Он бес улы Одақтың	14
Карияның толғанысы	15
Отыз бес жас	16
«Келіп ек асып Арқарлы...»	18
Шокан ауылында тұған ой	19
«Сәлем бермей кеттің» деп	20
«Алматыда күн жылы...»	21
«Ойымың кестелерін...»	22
Шындық-шынар	23
Шабыт түні	24
Арман	24
«Бірге кешіп сайранды»	25
«Талай көрдім сурініп...»	26
«Кеше келдім жол соғып...»	26
Жаспын деп пе ең	27
Ой	28
Көктем келіпті	29
Оралса гой шабыт бол	30
Бәрі бар-ау	31
Ар алдында жүгініп	32
Жалын-өлең	33
Бекер бәрі	35
Қызыктан қалсам, қайтемін	36
Кайрау	37
Маған салсаң	38
Шындық болсын бастауың	39
«Жаңымда жай оғы бар...»	40
Ұлымға	41
Карыз	42
Біргесіз	42
Толағай	43
Жылап ал, жаным	44
Өзгердің бе	45
Мәриям (лирикалық поэма)	47

Екінші бөлім

Бар менің өр даусым	62
Бәрі қызық тірлікте	63
Гурактағам	64
«Кезім көп лапылдаған»	65
Жаңып өтем	67
Құйып түр нөсер	68
Бәрін қазір түсіндім	69
Була Жайық	70
Шуак еді	71
«Ражап қой мына таң нұры»	72
«Неге екенін білмеймін»	73
«Екеуміз де»	74
Бүгін мен де мактандым	74
«Бір күн етті»	76
Уақытын өлшемі — сағыныш	77
Шыдармын, шыдап келгем	77
Күн жауып түр	79
«Бір басыма жететін...»	80
Сағындым	81
Қегершін көніл	82
«Койғандай құрастырып»	83
Жыр да — гүл	84
«Мінеziм де, ісім де...»	84
«Өмір деген бәз қалпында..»	85
«Қап-кара жер»	86
Ақ нұрға бөлеп	87
Түс көріп	88
Қандай ғана құдірет	89
Кара менің көзіммен	90
«Өне бойым өрт болып...»	91
Түсінсең болды, аплагым	93
Тағдырыма ризамын	94
Бұлғайды қолын	95
Қуту	96
Ерке елігім	97
«Мен соңда нешеде едім»	98
Ақ түсін-ау	99
Жүдедің ғой	100
Махаббат — гүл емес	101
Бұрым	102
Кіна артпа, шырақ, маған	103
«Жырды сүйген, нұрды сүйген...»	104
«Өзімді өзім үға алмай»	105

«Тәтті үйкynың күшагында»	106
Бекер екен	107
Не сыйлайын?	108
Ақылдым-ау	109
Ғашық болу — күнә ёмес	110
«Білдің, білдің»	112
Сен, жаным	113
«Кимасан оттай ыстық»	115
«Сен мені бүгін»	115
«Тура тұр!»	116
«Сен менің — сыр қайнарым»	117

Еслиам Зикибаев

КРАИ РОДНОЙ

СТИХИ И ПОЭМА

(На казахском языке)

Редактор Ж. Нурканов Художник Г. Чагатаева

Художественный редактор Н. Нурмуханбетов

Технический редактор А. Мулкебаева Корректор Г. Тельтаева

ИБ 2646

Теруге 19.04.85. жіберілді. Басуға 10.07.85. қол койылды. УГ17375. Қалпы 70×100^{1/32}. № 3 баспа қағаз. Қаріп түрі «Әдеби». Шығындықтың басылыс. Шартты баспа табағы 4,9. Шартты бояу көлемі 5,1. Есепті баспа табағы 5,0. Тиражы 2000 дана. Заказ 2835.

Багасы 50 т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің Қалықтар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспекті 143-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің «КІТАП» полиграфиялық кәсіп-орындары өндірістік бірлестігінің билет-бланк және жедел өнімдер баспаханасы, 480016, Алматы қаласы, Карл Маркс көшесі, 15/1-үй.